

БҮГІН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҒАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

Almaty

AQSHAMY



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | №20 (6471) 8 наурыз, жұма, 2024 жыл. | www.almaty-akshamy.kz

«8 наурыз – көктем мерекесі. Бұл – сұлулықтың, мейірім мен жылулықтың символына айналған мереке. Жалпы, әйелді құрметтей білген қоғамды мәдениетті, өркениетті қоғам деуге болады. Дана халқымыз қашанда анасын ардақтап, аруларын сыйлай білген. Қыздарын қадірлеп, төріне шығарған. Бұл – ежелден қанымызға сіңген асыл қасиет».

(ҚР Президенті
Қасым-Жомарт ТОҚАЕВТЫҢ
Халықаралық әйелдер күніне
арналған мерекелік шарада
сөйлеген сөзі).

ӘЙЕЛМЕН ӘЛЕМ ӘДЕМІ

Міне, көгілдір көктеммен ілесіп Халықаралық әйелдер күні де келіп жетті. Қардың көбесі енді сөгіле бастады. Күн әлі де ызғарлы. Бірақ дәл осы күні бүкіл әлем арнасынан асып төгілген мейірімге, махаббатқа, сүйіспеншілікке, жылылыққа бөленіп кетеді-ақ!

Бүгін қала көшелерінде аяулы анасын, сүйікті жарын, әдемі әпкесін, қадірлі қарындасын, жанашыр жеңгесін, қылықты қызын қуантқысы келіп гүл іздеген, сыйлық алуға асыққан ер-азаматтар қарасы көп. Иә, дәл бүгін нәзік құшақтар қызғалдаққа толатын күн.

Әйелдер әспеттелмейтін, аналар ардақталмайтын, қыздар құрметтелмейтін қоғам болмас, сірә! Әйел-аналар құрметіне арналған мақалаларымызды ішкі беттерден оқи аласыздар.



Суретті тудырған Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.
Қолжазды жасаған Нұрбоген ӨРІСҰЛЫ.

ӘКІМ

АУДАНДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЗ ЕМЕС

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев
Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Жиын шымылдығын шаһар басшысы барша қыз-келіншектерді келе жатқан көктем мерекесімен құттықтаумен ашты.

– 8 наурыз мерекесі қарсаңында барша әйелдер қауымын құттықтауға рұқсат етіңіздер! Сіздерге шын жүректен ризашылығым мен алғысымды білдіре отырып, бақыт, денсаулық және амандық тілеймін! – деді Е.Досаев.

Ары қарай қала әкімі аудан бойынша өткен жылы атқарылған жұмыстар туралы

есепті баяндамасын оқыды. Айтуынша, қаланың негізгі капиталына инвестиция құю көлемі бойынша бұл аудан бірінші орында екен. Содан кейін кездесу сұрақ-жауап бөліміне өтіп, тұрғындар тарапынан күнделікті тірлікте кездесетін күрделі проблемалар мен ауданның бүгіні мен болашағына қатысты мәселелер кеңінен айтылып, ашық талқыланды.

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

8.03.2024

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+8+10 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

9.03.2024

Түнде:



0, -2 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+11+13 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

www.almaty-akshamy.kz





САРАПТАМА

ВЛАДИМИР ПУТИНГЕ БӘСЕКЕЛЕС ТАБЫЛМАЙ ТҰР

Тура бір жетіден кейін Ресейде маңызды сайлау өтеді. Солтүстіктегі көршіміздің халқы 2030 жылға дейін елін басқаратын президентті таңдайды. Бұл жолғы сайлау алдыңғыларға қарағанда өзгеше. 15–17 наурыз аралығында үш күн бойы сайлау учаскелері ашық тұрады. Үміткерлердің саны төртеу. Қазіргі президент Владимир Путиннен бөлек, Владислав Даванков, Леонид Слуцкий және Николай Харитонов. Саяси додада В.Путиннің жеңіске жету мүмкіндігі жоғары. Себебі, қарсыластары өте әлсіз саясаткерлер. Соған қарамастан, үміткерлердің сайлауалды бағдарламасын талдап көрейік. Кім жеңіске жетсе де, Ресей 2030 жылға дейін осы бағдарламамен өмір сүреді.

Биліктің көлеңкелері...

Ресейдің Орталық сайлау комиссиясы 4 үміткерді тіркеді. Владислав Даванков, Леонид Слуцкий мен Николай Харитоновты биліктің көлеңкелері деп айтуға болады. Олар тек саяси жүйе ғана емес, партиялық жүйеде де саяси көлеңке ролін атқарады. Себебі, үміткерлер Ресейдің Парламенті Мемлекеттік Думада орын алған партиялық фракциялардың мүшесі.

Владислав Даванков ең жас үміткер. 1984 жылы дүниеге келген. «Жаңа адамдар» партиясының мүшесі, әрі фракция төрағасының орынбасары. «Жаңа адамдар» партиясы Мемлекеттік Думаның 15 мандатын иеленіп отыр. 2021 жылы өткен сайлауда парламентке өткен 6 партияның ішінде бесінші орын алған. Мемлекеттік Думадағы ең жас саяси партия.

Партияның басты мақсаты – биылғы сайлауда жеңіске жету емес, 2026 жылы парламентте көбірек депутаттық орын алу. Мақсатқа жету жолында партия екі маңызды шешім қабылдады. Билтыр желтоқсанда думадағы өзге фракция «Өсім партиясы» – «жаңа адамдықтарға» қосылу туралы шешім қабылдады. Екі партия біріккен кезден бастап думада 16 мандатқа ие болмақ. Бұдан бөлек, Владислав Давановты президенттікке үміткер ретінде ұсынды.

Николай Харитонов Ресей Федерациясы Коммунистік партиясының мүшесі. Коммунистік партия думаның 57 мандатын жеңіп алған. Билеуші «Біртұтас Ресей» партиясынан кейінгі екінші саяси күш. Осы уақытқа дейін өткен президент сайлауларында партия ұсынған үміткерлер ешқашан Владимир Путиннен басым түспеген. Партия қазіргі басшыға қарсылас үміткерді ұсынғанымен бүгінге дейін Мемлекеттік Думада өз пози-



Владислав Даванков

Партия «Новые люди»

Николай Харитонов

Партия «КПРФ»

Леонид Слуцкий

Партия «ЛДПР»

Владимир Путин

Самовыдвиженец

Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.

циясынан айырылған емес. Бұл арада саяси диалог немесе компромисс бар екенінің нышаны.

Ресейдің либерал-демократиялық партиясының басшысы Леонид Слуцкийдің де саяси жағдайы Харитоновқа келеді. Партия бұрынғы басшы Владимир Жириновскийдің ізімен келеді. Алдағы жылдары бұл жолдан айнымауды мақсат етіп отыр. Коммунистік партия сияқты либерал-демократтар да думадағы орнынан айырылғысы келмейді.

Сыртқы саясат өзгермейді

Владимир Путиннің қарсыластарының бағдарламалары оның сайлауалды уәдelerінің жалғасы сияқты. Бұл, әсіресе, сыртқы саяси ұстанымдарынан көрініс тапқан. Украинамен арадағы мәселеде барлық үміткердің пікірі ұқсас. Демек, алдағы 2030 жылға дейінгі сыртқы саяси басымдықтар өзгермейді.

18 қаңтарда сайлауалды бағдарламасын Николай Харитонов ұсынды. Коммунистік партия мүшесі болғандықтан бағдарламасында әлеуметтік сала, минералды-шикізат базасын мемлекет меншігіне алу прогрессивті салық саясатын енгізуді ұсынып отыр. Бұдан бөлек, Украинамен арадағы мәселеде Ресейдің позициясын қолдайды.

Ең жас үміткер Владислав Даванков

15 ақпанда бағдарламасын ұсынды. Сыртқы саясатта Украинамен келіссөзге келуге шақырады. Бірақ келіссөзде Ресейдің позициясын қолдау қажет дейді саясаткер. Сыртқы саяси мәселемен бірге білім беру мен денсаулық сақтау, жастар мәселесі, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту, сөз бостандығы және өзге де либералды мәселелерді көтерген.

21 ақпанда Леонид Слуцкий сайлауалды бағдарламасын ұсынды. Саясаткер бұл күнді бекерге таңдаған жоқ. Дәл осы күні, екі жыл алдын Ресей ДНР мен ЛНР-ді мойындаған. Леонид Слуцкий де өз сөзінде осыны тілге тиек етті. Бұдан шығатын қорытынды ол да қазіргі сыртқы саясатты қолдайды.

Ең соңғы болып бағдарламаны қазіргі президент Владимир Путин ұсынды. Әдеттегідей халыққа жолдауында сайлау алдындағы уәдelerін жариялады. 29 ақпанда өткен жолдауында Ресейдің сыртқы саясаты жалғаса беретінін мәлімдеді. Демек, алдағы 2030 жылға дейінгі елдің сыртқы саяси басымдықтары өзгермейді деген сөз.

Қай бағытқа басымдық береді?

Ресейдің президенті В.Путиннің халқына жолдауына зер салатын болсақ, ішкі саясаттан гөрі сыртқыға, саяси реформадан гөрі әлеуметтік салаға бүйрегі бұрғанын байқауға бола-

ды. В.Путин жеңіске жететін болса, сыртқы саяси басымдықтар өзгермейді. Бұл бағытта негізгі басымдықтар төмендегідей:

1. Украина бағыты негізгі сыртқы саяси мәселе болып қалмақ. Оның астарында Ресейдің АҚШ-пен текетіресі жатыр.

2. Мәскеу Еуропалық одақпен қарым-қатынасты жақсартуға мүдделі. Бірақ экономикалық дамыған G7-лікке кіретін мемлекет болмауы тиіс.

3. АҚШ пен G7 елдерімен текетіресте Ресей BRICS ұйымына арқа сүйейді. В.Путиннің жоспары бойынша 2030 жылға қарай BRICS үлкен жетілікті әлемдік ЖІӨ деңгейі бойынша басып озады.

4. Мәскеу Еуразиялық экономикалық одақ, ШЫҰ және BRICS ұйымдарымен байланысты нығайта бермек.

5. ASEAN және Африка, Араб елдері мен Латын Америкасы елдерімен қарым-қатынас жалғасады.

6. Орыс тілін ТМД және өзге елдерде дәрiптеу саясаты қолға алынады. Яғни Мәскеу үшін тіл сыртқы саясат құралы болып қала бермек.

Пердехан ШӘМШИЕВ,
сарапшы.



ІЛТИПАТ

«ӘЛЕМНІҢ ЖАРЫҒЫ...»

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні қарсаңында Республика сарайында «Әлемнің жарығы...» атты мерекелік концерт өтті. Салтанатты жиынға Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев қатысты.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Алматы әкімдігі қыз-келіншектер үшін мерекелік концертті бағдарлама дайындады. Концертті медицина және әлеуметтік қызметкерлер, педагогтар, еңбек ардагерлері, қоғам қайраткерлері, ерекше қажеттілігі бар балалардың аналары, оқуға, спортқа және т.б. салада жетістіктерге жеткен балалардың аналары тамашалады.

Мерекелік концертте Роза Рымбаева, Нұрлан Өнербаев, «Дос-Мұқасан» вокалдық-аспаптық ансамблі, Ғазизхан Шекербеков, Айбек Серікханов, Фархат Кубиев, Анна Сәдуақасова, Бақтияр Адамжан, Шұғыла Әдепхан, «Астана-Опера» балетінің жетекші солистері, Ерназар Жұбан, «Джулия» мюзикл артистері, Айқын Төлепбергелі, Ғ.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрының актерлері, Диана Макина, Андрей Трегубенко, Dinaуа, «Сенім» балалар хоры және т.б. өнер көрсетті.

Танымал артистердің орындауында әйелдерге, көктем мен махаббатқа арналған қазақстандық және шетелдік хиттер шырқалды.





МУФТИЯТ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
Қазақстан Мұсылмандары діни
басқармасының төрағасы, Бас мүфти:

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

*Аса қамқор, ерекше Мейірімді
Алланың атымен бастаймын!*

**Құрметті мұсылман бауырлар,
отандастар!**
**Баршамызды қасиетті Рамазан айына
аман-есен жеткізген Алла Тағалаға
сансыз шүкірлер болсын.**
**Сіздерді берекелі Рамазан айының
келуімен құттықтаймын!**

Рамазан – он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Күнделікті тіршілік қамымен жүретін пенденің жүрегіне бұл айда иман нұры құйылады. Өйткені, ораза адамды тақуалыққа тәрбиелейді. Сабырлық, қайырымдылық, мейірімділік, бауырмалдық секілді адамдық асыл қасиеттер артып, иман күшейеді. Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, иманды күшейтуге мүмкіндік берілген қасиетті ай. Бұл – Жаратушы Иеміздің ұлы сыйы әрі нығметі. Рамазанның қадірін жақсы түсінген сахабалар оразаға алты ай қалған сәттен бастап: «Раббымыз, бізді Рамазан айына аман-есен жеткізе гөр!», – деп дұға еткен.

Сауаптар еселеніп жазылатын айда жасалған қайырлы істің қайтарымы адам баласы үшін құпия-сыр. Тіпті, ауыз бекіткен адамға берілетін сый мен сауап, құрмет пен марапат пайғамбарлар мен періштелерге де беймәлім. Күлси хадисте Алла Тағала: «Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын) Өзім ғана беремін...», – деп, оразаның қадірі мен қасиетін, мәні мен маңызын баяндаған.

Демек, шарапаты мен шапағаты мол айда сауап жинауға, ішкі дүниемізді тазартуға, Жаратушының разылығын алуға асыққан абзал. Пенденің осы айда ұстаған оразасы, Аллаға ұнамды барлық құлшылықтары, өзгелерге жасаған қайырымдылығы, сауапты амалдары еселеніп жазылады.

Ораза – күндіз тек ішіп-жеуден өзін шектеу деген сөз емес. Ораза – рухтын азығы, тәннің шипасы. Рамазан жан мен тәнді рухани тазартатын, мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Аузы берік жандар өзіне дөрекілік көрсеткен кейбір кісілерге: «Мен – оразамын», – деген бір ауыз сөзбен көркем мінездің керемет үлгісін көрсетеді. Нәпсісіне тоқтау салып, сабыр сақтайды. Ал сабыр иесіне берілетін сый – жәннат.

Денсаулығына байланысты немесе кәрілік жетіп ораза ұстауға шамасы жетпеген адамдар ауыз бекіткен кісілерге ауызашар берсе, ол да – үлкен сауап. Пайғамбарымыз Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауап жазады...», – деген.

Мен осы ретте барша отандастарымды қасиетті айда жүзеге асатын қайырымдылық іс-шараларға үлес қосуға шақырамын. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктердің бағасына жеңілдік жасауға үндеймін. Қоғамдық тамақтану орындарында ауызашар мәзірін халыққа ыңғайлы бағамен ұсыну да – сауапты істің бірі. Дүкендерде күллі жамандықтың бастауы болған арақ-шарап сатылмаса деген тілегімізді жеткіземіз. Сонымен қатар, барша халықтың ортақ игілігі үшін салынып жатқан жол, көпір, мектеп, мешіт, медресе, балабақша, спорт кешені сынды маңызды ғимараттарға аз да болса үлес қосып, белсенділік танытуға шақырамын.

Рақым айы – Рамазан құтты болсын! Қасиетті айда ұстаған оразамыз, жасаған дұға-тілектеріміз, құлшылық-ғибадаттарымыз, әрбір қайырлы амалдарымыз қабыл болғай! Алла Тағала отбасымызға амандық, жұмысымызға береке нәсіп етпей! Тәуелсіздігіміз тұғырлы, мемлекетіміздің мерейі әрқашан үстем болғай! Әмин!

БРИФИНГ

ОРАЗА – ТЕҢДЕССІЗ ҚҰЛШЫЛЫҚ

Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасының наиб мүфтиі Кенжәлі Қоңыратбайұлы пәтуаға сәйкес қасиетті Рамазан айы 11 наурызда басталатынын атап өтті. Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – Қасиетті Қадір түні. 10 сәуір – Ораза айт мерекесі. Пітір садақа ел бойынша екі килограмм ұнның орташа бағасы есебінен 640 теңге мөлшерінде бекітілді.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Кенжәлі Қоңыратбайұлы, сондай-ақ, кәсіпкерлерге Бас мүфтидің әлеуметтік маңызы бар тауарлар мен азық-түлік өнімдеріне бағаны төмендету туралы өтініштерін еске салды.

«Еліміздің Бас мүфтиі Наурызбай қажы Тағанұлы отандастарды қасиетті ай кезінде мешіттерде өтетін «Рамазан қоржыны», «Рамазан сыйы», «Рамазан тәттісі», «Жомарт жұма» сияқты қайырымдылық акцияларына өз үлестерін қосуға шақырды. Кәсіпкерлерді әлеуметтік маңызды азық-түлік өнімдерінің бағасын барынша төмендетуге, барлық алматылық кәсіпкерлерді жақсылықтың хабаршысы болуға шақырамыз», – деді К.Қоңыратбайұлы.

Ол жылдық астарды кешкі ас кезінде өткізген дұрыс екенін атап өтті. Сондай-ақ, қасиетті Рамазан айында алкогольді ішімдіктерден бас тартып, оларды дүкендерде сатпауды ұсынды. Сондай-ақ, спикер мұсылмандар үшін қасиетті Рамазан айында ораза ұстаудан саяхатшылар, психикалық науқастар, қарттар, жүкті және лактация кезеңіндегі әйелдер босатылатынын еске салды.

«Адамдар егде жастағы немесе ауыр ауруға байланысты ораза ұстау-



дан босатылады. Бұл жағдайда төлем түрінде өтеу қарастырылған – пидия, оның мөлшері биыл 3400 теңгені құрайды. Осы мөлшерде пидияға ақы төлей алмаса, қайырымдылық жасауға болады», – деп түсіндірді наиб мүфти.

Естеріңізге сала кетейік, Қазақстан Мұсылмандары діни басқармасы 2024 жылды «Ислам және дәстүр құндылығы» деп жариялады. Тиісінше, жұма уағыздары және түнгі дұғаларда айтылатын уағыздардың тақырыбы дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға бағытталған.

Биыл Рамазан айы 11 наурызда басталып, 9 сәуірде аяқталады. Өңірлік коммуникациялар қызметінің алаңында қасиетті айды өткізу туралы Алматы қаласының бас имамы Төлеби Оспан хабарлады.

Спикер ораза кезінде мұсылмандар күндізгі уақытта тамақ пен су ішуден тыйылатынын, сондай-ақ ойын-сауық пен көңіл көтеруге, алкоголь ішуге және жаман сөз айтуға тыйым салынатынын еске салды.

«Сіздерді қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл айды діни сенімдегілер жыл сайын күтеді және бүкіл

мұсылман қауымы асыға күтеді! Рамазан – тыйылу айы. Бұл тамақ пен сусыннан ғана емес, күнә мен зұлымдықтан бас тарту уақыты. Хадисте: «Кімде-кім жаман сөзі мен жаман іс-әрекеттен тыйылмаса, оның тамақ жеуден және сусын ішуден тыйылғанынан Алла Тағалаға ешбір керегі жоқ делінген», – деді Төлеби Оспан.

Сондай-ақ, спикер Алматыда қасиетті Рамазан айын мерекелеу жоспары бекітілгенін айтты. Биыл қаланың 54 мешітінің 50-інде Құран хатым жасалып, тарауих намазы оқылады.

Бұдан басқа, Алматының Орталық мешітінде күн сайын 500 адамға арналған үлкен ифтар (ауызашар) ұйымдастырылатын «Рамазан шатыры» салынады. Сондай-ақ, жергілікті ауызашарлар қаланың басқа мешіттерінде де өткізілетін болады.

«Ораза айы Наурыз мерекесімен сәйкес келетіндіктен, кешкі ауызашар кезінде мешіт қонақтарына наурыз көже мен бауырсақ тағамдарынан дәм тартылады. Ауызашар өтетін орындар қазақы өрнектерімен безендіріліп, Рамазан айының құрметіне «Жарапазан» орындалады», – деді Т.Оспан.

МЕРЕЙТОЙ

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ» – 90 ЖЫЛ!



Қазақ руханиятының алтын діңгегіне айналған республикалық «Қазақ әдебиеті» газетінің жарыққа шыққанына 90 жыл толуына орай «Ұлттың әдебиет айнасы» атты «дөңгелек үстел» ұйымдастырылды. Іс-шараға Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков, зиялы қауым, мәдениет және қоғам қайраткерлері, газеттің бұрынғы және бүгінгі қызметкерлері қатысты.



Досбол
АТАЖАН

Іс-шара аясында Ұлттық кітапхана қабырғасында «Қазақ әдебиеті» газетінің тарихына арналған көрме ұйымдастырылды. Көрмеде кітапхана-

ның алтын қорында сақтауда тұрған газеттің 1934 жылы шыққан ең алғашқы сандарынан бастап, бүгінге дейінгі нөмірлері кезең-кезеңмен көрсетілді.

– «Қазақ әдебиеті» 90 жылдан бері қазақ зиялыларының көзі, құлағы, тілі болып келе жатыр. Бұл газет ешқашан өз айтарынан жаңылған

емес. Сондықтан басылымның мерейтойына Президентіміз де қуанып, құттықтауын білдіріп жатыр. Сол кездегі «8 март» көшесінде екі қатарлы ағаш үйде осы газеттің алғашқы саны шығуға дайындалған екен. Сол күннен бастап бұл жер «Қазақ әдебиетінің» бірінші штабына айналды. 3-4 айдан кейін басылымның бірінші сөзі болып, Лияс Жансүгіров төраға болып сайланды. Содан бері «Қазақ әдебиеті» халықтың жақсы көретін басылымы ретінде жұмыс істеп келеді. Қазақ деген еліміз барда, қазақтың оқырманы барда, «Қазақ әдебиеті» мәңгілік, – деді Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы Мереке Құлқенов.

«Дөңгелек үстел» барысында Алматы қаласы әкімдігінің атынан Қоғамдық даму басқармасының басшысы Айдар Есенбеков құттықтау сөз сөйледі:

– «Қазақ әдебиеті» газеті 1934 жылдан бері талай сындарлы сәттер мен сынақтарды бастан кешіріп нағыз ұлт басылымына айналды. Ұлт руханиятының алтын діңгегі «Қазақ әдебиеті» газетінің негізін қалаған Ғабит Мүсірепов, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Лияс Жансүгіров сынды марғасқалар бастаған ұлы көшті Әзілхан Нұршайықов, Шерхан Мұртаза, Оралхан Бөкей сынды халқымыздың біртуар азаматтары абыроймен сабақтастырды. 90 жыл – бұл тек қана тарих емес, редакторлардың, журналистердің, дизайнерлердің және де газеттің дамуына үлес қосқан көптеген ұрпақтың үздіксіз еңбегінің нәтижесі».



ӘКІМ

АУДАНДА ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР АЗ ЕМЕС

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Бостандық ауданының тұрғындарымен кездесті



Мәншүк
БЕКБОСЫН

(Басы 1-бетте)

Жылу желісі қайта жаңғыртылады

Биыл Бостандық ауданында күзге дейін 660 метрден астам жылу желілері қайта жаңғыртудан өтеді. Бұл ретте қыркүйек айына дейін Есқараев көшесінің бойымен 662 метр жылу желісін қайта жаңғырту жоспарда бар.

– Дамыған инженерлік инфрақұрылым қаланың даму әлеуетін айқындайды. Тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерін салу мен жаңарту біз үшін басты бағыт болып қала береді, – деді Ерболат Досаев.

Қала басшысы 2023 жылы қайта құрудан кейін «Южная» қазандығы қайта іске қосылып, қуаты 41%-ға – 190 Гкал/сағ. дейін ұлғайғанын тілге тиек етті. Есқараев көшесі мен Гагарин даңғылында «Орбита» қазандығымен жалғасатын 900 метрлік жылу желісі қайта құрылды.

Бұдан өзге, ұзындығы 7,5 шақырымға жететін инженерлік желі қайта жаңартылады. Құны 7 млрд теңге болатын жұмыстың ішіне 500 метр кәріз желісі, 5,3 шақырым жылу желісі, 1,7 шақырым орташа қысымды жерасты газ құбырын ретке келтіру кіреді.

Өткен жылы тамызда «Алмагүл», «Орбита» мен «Қазақфильм» ықшамауданының 200 мың тұрғынын электр жүйесімен қамту үшін «Алмагүл» электр қосалқы станциясы іске қосылды.

Сонымен қатар, инвестициялық жоба аясында «АЖК» АҚ 6,7 шақырымға жететін әуе электр желісіне, 38 шақырым кабельді электр желісіне, 17 трансформатор подстанциясы мен 3 тарату пунктін кәріз жөндеу жүргізілді. Осылайша ұзындығы 59 шақырым болатын әуе электр желісі, 130 трансформатор подстанциясы мен 3 тарату пунктін ағымдағы жөндеуден өтті.

– Биыл жергілікті бюджет есебінен «Ремизовка» мен «Ерменсай» ықшамауданында 16 шақырым электр желілерін қайта жаңарту жоспарланған. «АЖК» АҚ инвестициялық жобасы аясында 50 шақырым электр қуатының, 13 трансформатор подстанциясы мен 3 тарату пунктін жаңғырту жоспарланып отыр. Қосымша 91 шақырым әуе электр желісі мен 105 трансформатор подстанциясы ағымдағы жөндеуден өтеді, – деді қала басшысы.

Бұдан өзге, былтыр ауданда 3,5 шақырым су құбыры мен кәріз желісін қайта жаңарту жұмысы аяқталды. Биыл тағы 3,2 шақырымға жететін желінің құрылысын аяқтау жоспарда бар.

Ауданның жоғарғы бөлігінде тұратын аудан тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін «Ерменсай» ықшамауданында тәулігіне 9 мың текше метр су тарту құрылысын салуға ЖСҚ әзірленуде. Сонымен қатар, «Нұрлытауда» сумен жабдықтау (62 шақырым) және су бұру (34 шақырым) желілерін салуға ЖСҚ әзірленуде.

Көшелер көркейеді

Биыл Бостандық ауданында 33 көшедегі 30 шақырым жолға орташа жөндеу, сонымен қатар, құны 500 млн теңге болатын 30 мың шаршы метрге асфальт жабындысын қалпына келтіре отырып, ағымдағы жөндеу жүргізу жоспарланып отыр.

Қала басшысы өткен жылы 22 көшедегі 26 шақырым жолға орташа жөндеу жұмысы жүргізілгенін және 107 көше-



дегі 29 мың шаршы метр асфальт төсеміне ағымдағы жөндеу жүргізілгенін атап өтті.

– Жол және көлік инфрақұрылымын жаңғырту қаланы дамыту жоспары аясындағы әкімдіктің басты басымдықтарының бірі. Сол себепті биыл наурыз айының соңына дейін 2 маршрутқа (№120 мен 211) 32 автобус құрамын толығымен жаңарту, сондай-ақ 4 маршруттың (№59, 118, 120, 123) жылжымалы құрамын жаңа автобустарға ауыстырып, 67-ден 74 бірлікке дейін қосымша күшейту жоспарланған, – деді Е.Досаев.

Айта кету керек, өткен жылы 15 маршруттың құрамы (№ 4, 15, 32, 38, 63, 65, 92, 95, 112, 119, 128, 209, 210, 212, 224) жаңартылып, 257-ден 290-ға дейін ұлғайтылды.

Төрт жаңа мектеп салынады

2024 жылдың екінші тоқсанында №73 мектепті сейсмикалық күшейту мен 450 балаға арналған жаңа корпус салу жұмысы басталады. Қала әкімінің айтуынша, «РАМС Сити» тұрғын үй кешенінің аумағында жаңа оқу жылы басталғанға дейін 1100 балаға арналған мектептің құрылысы аяқталады. №10, №70 мектеп пен №138 гимназиядағы күрделі жөндеу жұмыстары жалғасуда. Бұл жұмыстар жаңа оқу жылы басталғанға дейін бітеді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Егізбаев көшесінің бойында 2500 орынға, Розыбакиев көшесінің бойында 1500 орынға, Қожабеков көшесінің бойында 2000 орынға арналған үш жаңа мектептің құрылысы жалғасуда. Жұмыстар биылғы жылдың соңында аяқталады.

Қала әкімі өткен жылы Бостандық ауданында 300 оқушыға арналған және №9 арнайы түзету мектеп-интернатына 120 орынға қосымша құрылыс салудың аяқталғанын мәлімдеді. Былтыр желтоқсан айында №145 гимназияда күрделі жөндеу жүргізілді.

Өткен жылы ауданда мектепке дейінгі ұйымдарда орын тапшылығын азайту үшін 15 жеке және бір мемлекеттік балабақша ашылды. Бұдан өзге, «Орбита-3» ықшамауданында 480 орынға арналған балабақша салынууда, аяқталу мерзімі – 2025 жылдың наурыз айы.

– Бостандық ауданында 14 мектеп автобусы 6 мек-

тептің оқушыларын тасымалдайды. Сондай-ақ, биыл ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды тасымалдау мақсатында «№2 арнайы бөбекжай балабақшасы» КММ үшін екі автобус бөлуді жоспарлап отырмыз, – деп атап өтті қала әкімі.

Естеріңізге сала кетейік, «Мектеп автобусы» жобасы қала әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша 2023 жылы Алматы әкімдігінің жобалық офисі аясында іске қосылды. Жалпы, биыл тағы 100 автобус сатып алып, мегаполистің қосымша 27 мектебін қамту жоспарда бар.

Жарық сапасы маңызды

Жарықтандыру функциясын орталықсыздандырудың арқасында қала аудандарындағы жағдай айтарлықтай жақсарды.

– Нәтижесінде, өткен жылдың желтоқсан айынан бастап Бостандық ауданында мыңнан астам шам ауыстырылды, 800-ге жуық өтінім пысықталды. Сондай-ақ, қоғамдық кеңістікті абаттандыру аясында 117 шам орнатылып, 80 ауланы абаттандыру кезінде шамдары бар 917 бағана ауыстырылды, – деді қала әкімі.

Оның айтуынша, биыл «Алмагүл», «Орбита -1, 2» ықшамаудандарында шамдары бар қосымша 267 бағана, Тілендиев көшесі бойымен «Акварель» ТК және т.б. орнатылды.

Өткен жылы Бостандық ауданында аулалардағы спорт пен балалар алаңын жөндеуді, сондай-ақ қоғамдық кеңістіктерді абаттандыруды қамтитын құны 800 млн теңгенің 16 жобасы іске асырылды.

Екі емхананың құрылысы басталады

Бүгінде күніне 500 адамды қабылдайтын екі емхананың құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Олар компьютерлік томографтармен, маммографтармен – жоғары сапалы медициналық қызмет көрсету үшін барлық қажетті заманауи жабдықтармен толық қамтылатын болады. Маусым айында мемлекеттік сараптамадан шығып, байқау өткізіледі. Осылайша құрылыс жұмысын биыл күзде бастау жоспарда бар. Ол үшін екі жер учаскесі сатып алынды.

ЖЕЛТОҚСАН ҚАҺАРМАНЫ

ЕСІМІ ЕРБОЛ ҰЛДЫҢ ЕЛ ЕСІНДЕ

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде Желтоқсан қаһарманы Ербол Сыпатаевтың 60 жылдығына арналған конференция өтті. Іс-шараны Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы, «Желтоқсан-86 – тәуелсіздік қырандары» қозғалысы мен оқу ордасының «Ұлағат» студенттер ұйымы ұйымдастырды.



Рая
ЕСКЕНДІР

Оқу ордасы үшін Ербол Сыпатаевтың есімі тым ерекше. Желтоқсанның сол бір ызғарлы күндерінде елінің бостандығы үшін алаңға шыққан көп жастардың қатарында Ербол Сыпатаев та болды. Ол кезде Ербол осы оқу ордасының 2-курсында оқитын еді. Бұл күні оқу ордасында батыр ұлға арналған ерлік бұрышы, мұражай төрінде ол туралы мәліметтер сақтаулы тұр.

Батыр ұлды еске алуға арналған жиынды Алматы қаласы Қоғамдық даму басқармасы басшысының орынбасары Бағлан Төлеухан ашты.



– Біз бүгін ерлікке тағзым етіп, халқымыздың қаһарман ұлы Ербол Сыпатаевты еске алуға арналған конференцияда бас қосып отырмыз. Дүниені дүр сілкінткен Желтоқсан көтерілісі қазақ елінің еркін ел болуына берілген соңғы мүмкіндік болды деп айтсақ та болады. Өйткені, бұл бостандықты біздің ата-бабаларымыз сан ғасырлар бойы

армандап өтті. Сол еркіндіктің ақ таңын көру бақыты сіздер мен біздерге бұйырып отыр. Осы жолда ерлікпен қаза тапқан Ербол ағамыз да сіздер сияқты жалындаған жас еді. Алаңға шыққан жастармен бірге елдігімізді, азаматтығымызды білдірсек деген ниетте болды. Ол небәрі 22 жасында ерлікпен қаза тауып, тәуелсіздік жолында жанын қиды.

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Көзі тірі болып, арамызда жүргенде, 60 жасқа келер еді.

Қазіргі кезде батырларымыздың ерлігін дәріптеу барысында қала әкімдігі көптеген жұмыстар жасап жатыр. Әрине, сіздер мен біз бақытты қоғамда өмір сүріп отырмыз. Аға-апаларымыз кезінде «мен қазақпын» деп айта алмай, тіпті Құранға қатысып, қол да жая алмағаны жасырын емес. Осынау бақытты, бейбіт заманды бізге сыйлаған желтоқсанға қатысушылардың үлесі зор. Желтоқсан көтерілісінен кейін, арада бес жыл салып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді. Желтоқсанға қатысқан аға-апаларымыздың ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Біз де қала-лық әкімдік тарапынан осы бағыттағы жұмыстарды жалғастырып жатырмыз. Өткізіліп отырған іс-шара жастар үшін үлкен тәрбие мектебі. Осындай барлық жағдайы жасалған оқу ордасында оқып жатқан жастарды жан-жақты ізденіп, терең білім алуға шақырамын. Қазір сіздердің үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, ғылыми жаңалықтарды ашуға зор мүмкіндіктеріңіз бар. Сонымен қатар, осындай бастама көтеріп, конференцияны өткізуге ұйытқы болған Гүлбаһрам Жүніс апайымызға алғысымызды білдіреміз, – деді Б.Төлеухан.

Осынау жиынға арнайы шақырылған Ербол Сыпатаевтың бауырлары Ержан Алшынбаев пен Айдос Сәлімбаев, «Желтоқсан-86 – тәуелсіздік қырандары» қозғалысының төрайымы Гүлбаһрам Жүніс сөз алып, қаһарман ұлды еске алды. Олардың айтқан естеліктерін жастар да ұйып тындап, арасында өз сауалдарын жолдап отырды.

Жиын соңы «Ұлағат» ұйымының белсенді мүшелерінің қатысуымен «Желтоқсан алаңы» атты поэзия кешіне ұласты.



ӘДЕБИ САЗДЫ КЕШ

«СІЗДЕР ҮШІН МАХАББАТПЕН...»



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

«Сіздер үшін махаббатпен...». №208 мектеп-гимназиясының қызметкерлері мен оқушылары осындай атпен мерекелік іс-шара ұйымдастырды. Бұл кеш Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, 7 наурыз күні Наурызбай ауданындағы Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында өтті.

Естай
БОЖАН

Айрықша атай кетейік, Мұқағали Мақатаевтың шығармаларын негіз еткен кешті Наурызбай аудандық Білім басқармасы

ұйымдастырған болатын. Аталған іс-шара өзінің бай әдеби және мәдени мазмұнымен кеш қонақтарының көңілінен шықты.

№208 мектеп-гимназиясының директоры Әденова Гүлбағда Есейханқызы бұл кештің аудандағы барлық аналарға арналған

нын айрықша атады. «Сіздер үшін махаббатпен...» деп аталатын бұл әдеби сазды кешіміз Наурызбай ауданындағы аналарға, барлық әйел ұстаздарға мерекелік тартуымыз деуге болады. Кеш сахнасында өзіміздің мектептің оқушылары мен жас мамандары өнер көрсетеді», – деді Гүлбағда Есейханқызы.

Әдеби сазды кеш барысында №208 мектеп-гимназия оқушылары мен жас мамандары Мұқағали Мақатаевтың жауһар жырларымен өрнектелген қойылым сахналанады. Әнмен әрленіп, күймен көмкерілген сахналық қойылымдар ақын өмірі мен шығармашылығының әр тұсынан сыр шертті. Әрі көрермендерге мерекелік көңіл күй де сыйлады. Әсіресе, Мұқағали Мақатаевтың туған ауылында «Жыр жекпе-жегіне» шығуы сынды көріністері көрерменнің көшеметімен қосталды.

Айта кетейік, аналарға арналған кештің арнайы қонағы болып Мұқағали Мақатаевтың ұлы мен келіні Жұдыз Мақатаев пен Бақытгүл Қыдырбайқызы, белгілі өнертанушы Шаяхмет Иманшұлы, ақын Саят Қамшыгер бастаған зиялы қауым өкілдері қатысты. Кеш қонақтары да талантты жас ұрпақтың өнеріне жоғары баға берді.

ЖҮЗДЕСУ

Алматының А.П.Чехов атындағы орталық қалалық кітапханасында көктем мерекесіне орай «Әйел – ана, әйел – нұры ғаламның» деген тақырып шеңберінде әсерлі кеш өтті.



«ӘДЕМІ ҚЫЗ»

Кітапханадағы кеш көктем-көңіл сыйлады

Кітапхананың жас оқырмандарымен жүздесуге «Almaty aqshamy» газетінің бөлім редакторы, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Нұржамал Әлішева, белгілі сіңірген қайраткері Айгүл Қосанова, республикалық «Айгөлек» журналының тілшісі Айым Алтайқызы және бүркітші ару Аяжан Даниярқызы шақырылған екен.

Қоғамның әр саласында еңбек етіп жүрген осынау нәзік жанды меймандар әйел-ананың орны, қазақ қызының болмысы, сондай-ақ мейірім, жылылық, отбасы, қазақы құндылықтар туралы ойларымен бөлісті. Оқырмандар тарапынан қойылған түрлі сауалдарға жауап беріп, сырласу кешін одан әрі әрлендіре түсті. Оқырмандарды әсіресе, Аяжан Даниярқызының Арын атты бүркіті көбірек қызықтырғандай. Жас құсбегінің бұл жолды қалай тандағанын сұрап жатты жас-

тар. Біз енді танылып келе жатқан бүркітші бойжеткенмен алдағы уақытта кеңірек сұхбат құратын боламыз.

Үкілі домбырасын құшақтай келген Айгүл әнші мерекелік кештің бояуын қанықтыра түскен «Әдемі қыз» әнін шырқап берді. Ал Айым ару сисы кебе қоймаған өлеңін оқып берді.

Меймандар мен жас оқырмандар бірігіп қызықты ойын ойнады. Ол да екі тарапты жақындастыруға дәнекер болғаны анық. Кеш соңына қарай аруларға ер азаматтар ілтипат көрсетті. Атап айтсақ, жас ақындар Ержан Жұмабек пен Мағаз Ретбек қыз-келіншектерге, әйел-аналарға деген жүрекжарды тілегін жыр арқылы жеткізді.

Меймандарға ұсынылған қызғалдақтар да көктем жаршысындай болып жүректерді жылытты.

Нұр ЖАМАЛ.

БӘРЕКЕЛДІ!

Халықаралық әйелдер күні қарсаңында республикалық «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Алматы қаласындағы Жетісу аудандық филиалы ашылды.

«ҚАЗАҚ АНАЛАРЫ – ДӘСТҮРГЕ ЖОЛ»

республикалық қоғамдық қордың Алматыдағы филиалы өз жұмысын бастады

Рая
ЕСКЕНДІР

Қоғамдық бірлестіктің ашылу салтанатына ҚР Президенті жанындағы «Әйелдер ісі және отбасы демографиялық саясаты жөніндегі Ұлттық комиссия» мүшесі, «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрайымы, мәдениет және қоғам қайраткері Айнұр Жүгінісова, Жетісу ауданының әкімі Гүлнар Ахметжанқызы, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы, аудан әкімінің орынбасары Данияр Әлқабайұлы, Әлеуметтік бөлім басшысы Рүстем Әжібекұлы, қоғамдық бірлестіктің Алматы қаласы мен Алматы облысы бойынша төрайымы Ләйлә Дәулет қатысып, сөз сөйледі. Ашылып отырған ұйымның ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңызды екенін баса айтып, зор сенім жүктенді.

Салтанатты кеш барысында ұлттымыздың ұлық дәстүрлері ұлықталып, әдет-ғұрыптарымыз

жаңғырды. Ауданның ардагер аналары белсенділік танытып, бірлікке бастайтын оң қадам жасады. Сонымен қатар, әсем әуен, тәтті күй төгіліп, ұлттық салт-дәстүрлер сахналанды.

«Ақ кимешегім – киелім» атты үш буынның, «Жас ана, Отана, Кейуана» киетін кимешек үлгілерінің көрсетілімі (дефиле) де көпшіліктің көңілінен шықты. Әсем әуен ырғағымен, кимешек туралы өлең оқылды. Осы сәтте сахна төрінде кимешек киген жас келіншектер, орта жастағы аналар, әжелер баяу жүріп өтті. Осы кезде ортаға шыққан Шәрипа ана ақ батасын берді. Жанадан ашылып отырған қоғамдық бірлестік әдет-ғұрымызды жаңғыртып, жоғымзды түгендегендей күй сыйлады. Жиналғандар «Ұғай» және «Зори Жетісу» хор ұжымдары орындаған әндерді тындап, №101 мектеп-гимназиясының қойылымын тамашалады.

Жиын соңында аналарымызды «Қазақ аналары – дәстүрге жол» республикалық қоғамдық бірлестігінің Жетісу аудандық филиалының мүшелігіне қабылдады.

МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ

МЕЙІРІМГЕ БӨЛЕНДІ

«Шапағат» әлеуметтік қызмет орталығында 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай «Әлемнің жарығын, сыйладың сен маған...» атты концерттік іс-шара ұйымдастырылды.

Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Арнайы мейрам қарсаңында жасалаған іс-шараның негізгі мақсаты – қоғамдағы аналар рөлінің қадірлі екендігін айқындау. Сон-

дай-ақ, балалар мен ата-аналардың арасындағы жылулық, өзара сыйластықты нығайту екендігі жеткізілді.

Мерекелік жиынға қызмет алушылардың аналары, орталық қызметкерлері мен қонақтары қатысты.

БАЛАУСА

«ТҮЙЕТАБАН»

ою-өрнегімен ашықхат жасаған балалар қуанышты



Мегполистері Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінде балалар итілігіне арналған «MUZEUM ART» үйірмесі өз жұмысын бастады.

Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Мақсат – шығармашылыққа жакын өрендердің өнерін, қабілетін дамытып, олардың туған өлкенің тарихына, оның мәдениетіне деген қызығушылығын ояту. Сондай-ақ,

жеткіншектердің эстетикалық талғамын биіктетуге дәнекер болу.

– Үйірменің алғашқы сабағына балалар ата-аналарымен бірге келді. Олар қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен танысып, фетрдан «түйетабан» ою-өрнегі бейнеленген ашықхат жасады. Балалар да, ата-аналар да бірлесіп жасаған

ұлттық стильдегі бұйымдарына риза болды. Содан кейін балалар үшін музей залдарына экскурсия жүргізілді, – дейді «MUZEUM ART» үйірмесін жүргізуші, музей педагогикасы бөлімінің маманы Айжан Құрбанова.

Өнерде балаларды жақсылыққа, жарыққа бағыттайтын, жүрегіне шуақ себетін күш бар. Сондықтан бұл үйірменің үйретері көп екендігіне еш шүбә жоқ. Ал өнерлі жас ұрпақ болашақтың іргесіне барып қаланатын берік кірпіш. Бәрекелді дейміз!

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Тамара ШӘКІРОВА,

Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы:

– *Қазіргі кезде адамгершілік, ұлттық құндылықтардың ауылы алыстап бара жатқаны жасырын емес. Сол үшін жастарымызды ұлттық тәрбиемен қайтсек сусындатып, тәрбиелесек деп күш салып жатқанымыз жасырын емес. «Бірлесек көтерген жүк жеңіл» демекші, көш қозғалды. Енді ымыраласып, жас ұрпақты тәрбиелеуге күш салатын боламыз.*



ҚАРУЛЫ КҮШТЕГІ ҚАРАКӨЗДЕР

Арулар игере алмайтын мамандық жоқ

Қазір әйелдерді қоғамның кез келген саласынан кезіктіру таңғаларлық жәйт емес. Әлемде әйелдер игере алмайтын мамандық жоққа тән. Нәзік жандылар небір қиын, жанкешті кәсіпте жүр. Солардың бірі – Күштік құрылым саласы. Әуе, теңіз және құрлықта барлаушы, мерген, т.б. жауынгерлік сапта жүрген қайсар мінезді бұрымдылар жетерлік. Мереке қарсаңында ұзақ жыл әскерге жүрген және кәсіби салаға енді келген қыз-келіншектермен тілдесудің сәті түсті.



Коллажды жасаған Нұрбосын ӨРІСҰЛЫ.



Гүлжанат
СЕМБАЕВА



Бірінші кейіпкеріміз – 22 жылдан бері Қазақстанның Қарулы күшінде еңбек етіп жүрген **Жанат Николайқызы**. 2002 жылы алғашқы әскери шенін алған лейтенант бүгінде подполковник, С.Нұрмағамбетов атындағы құрлық әскерлері әскери институтының шет тілдері кафедрасын басқарады. Бес тілді еркін меңгерген оқытушы жаһан

талабына айналған ағылшын тілін әскери қызметкерлерге үйретіп келеді.

Қазір Қазақстан әскерінде 7 мыңға жуық әйел қызмет етеді. Армиядағы қыздар тек медбике, байланысшы және іс жүргізу сияқты жеңіл жұмыстарды істейді деген пікір жойылған. Отан қорғауда ер-азаматтармен қатар жүрген мерген, барлаушы, мотоатқыш, әскери ұшқыш қыздар да бар.

Жалпы, әскердің әлеуеті білікті маманнан көрінеді. Қолына қару алып, әскери тактикалардың бәрін жаксы білсе де, Отан қорғаушыға ең керегі – білім мен біліктілік. Болашақ офицерлерді даярлайтын Жанат Николайқызы 2010 жылдан бері құрлық әскерлеріне дәріс беріп келеді. Талай жауынгерді тәрбиелеп шыққан оқу ордасында жалпы 180 әйел оқытушылық қызмет атқарады. Олардың 20-сы қызмет бабындағы офицер-мұғалім болса, 57-сі келісімшартпен, 103 әйел азаматтық қызметкер ретінде жұмыс істейді.

Жаһан талабы

«Қарулы күштегі қызметім 2002 жылы басталды. Сол жылы Алматы қаласында Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институты (РЭжБЭИИ) құрылып, шет тілдері кафедрасының басшысы болып тағайындалдым. 4 жыл жұмыс істесеннен кейін сол тұста Америкадағы университетте тегін білім алу мүмкіндігі туды.

Елге оралып, 2006 жылы магистратура бітіргеннен кейін Шет тілдері әскери институтында алғашқы әскери шенімді алдым. 4 жылдан кейін, 2010 жылы бұл институттың аты өзгеріп, Қорғаныс министрінің әскери институты болды. Бірақ сол жылы оқу орны жабылып, Құрлық әскерлері әскери институтына қосылды. Мұнда да кафедра басшысы болып тағайындалып, содан бері осы оқу ордасында қызмет етіп келе жатырмын», – дейді Жанат Бисенбаева.

Болашақ офицерлерге білім беруде тәжірибесі мол маман дәл қазақ үшін ағылшын тілін үйрену басқаларға қарағанда жеңілдеу деп санайды. Ол әскери мамандарға шет тілін үйретумен қатар, ауызекі сөйлеуді заманауи педагогика негізінде оқытып жүр.

Курсанттардың әскери оқу орнынан алған білімі кейін бітімгершілік миссияның міндетін орындауда септігін тигізеді. Келісімге келіп, өзара тәжірибе алмасуда халықаралық тілдерді білу маңызды. Сондықтан болашақ әскерилерге дәріс беретін оқытушыларға артылатын жүк екі есе ауыр.

Абайды білмеген офицер «офицер» емес...

«2005–2015 жылдар аралығында әскери аудармашыларды дайындадым. Бізде тіл үйренемін деушілерге де, азаматтық жоғары оқу орнындағы студенттерге де арналған

оқулықтар көп. Бірақ әскери білім алушыларға арналған кітаптар шетел менталитетіне қарай бағытталған. Өзіміздің тарихи кезеңдегі батырларымыз ол оқулыққа енгізілмеген. Болашақ офицерлерге білім беріп, тәрбиелеуде кез келген тілді ұлттық құндылықтарды негізге алып үйреткен жөн деп санаймын. Қазақ батырларының ерлігін ағылшынша да айта алуы керек.

Институттағы басқа тактиканы үйрететін кафедраларға қарағанда біздің жұмыс сәл жеңілдеу. 20 жылдан аса уақыт жұмыс тәжірибемде сабақты қызықты өткізуге тырысамын. Шет тілді қазақ әдебиетімен байланыстырып үйреткен ұнайды.

Ағылшын тілін үйренуде көбінің қиналатын тұсы – өткен шақтағы етістіктерді меңгеру. Бағдарламадағы ең күрделі кезең деуге болады.

Бірде кезекті дәрісіміздің тақырыбы осы етістіктерді үйрену болды. Курсанттар ережелерді жаттауға қиналды. Сабағымыз Мұқағали Мақатаевтың туған күнімен тұспа-тұс келді де, курсанттарға «ақынның және Абайдың өлеңдерін ағылшын тілінде жатқа айтып берсеңдер, етістіктер санын азайтып, жеңілдік жасаймын» деп тапсырма бердім. Ағылшын сабағы аптасына бір рет қана болатын мамандықтардағы курсанттар Абайдың «Сегіз аяқ» өлеңін ағылшынша айтып, мені таңқалдырғаны бар. Көп тіл білген жаксы, әрине. Бірақ ұлттық әдебиетті білу міндетті деп санаймын. Болашақ офицерлерге «ой-өрістерің жоғары болуы керек. Сендер Абайды білмесеңдер, гуманизм идеясын қалай жүзеге асырасыңдар?!» деп үнемі айтып жүрмін».

Жанат Николайқызы Педагогика академиясының академигі, 2013 жылы педагогика және психология ғылымдарының Phd докторы атағын қорғады. 2015 жылы ел бойынша «Үздік оқытушы» атанған. Болашақ мотоатқыштар, десантшылар, аэроұтқыр әскерлері мен тәрбие ісінің офицерлерін дайындайтын оқытушының жолдасы да осы саланың маманы. Екеуі бір әскери институтта оқытушылық қызмет атқарады. Үлкен ұлы Радиоэлектроника және байланыс әскери-инженерлік институтында 1-курста оқиды. Одан кейінгі егіздері де ата-анасының жолын қуып, әскери қызметкер болғысы келеді.

«Алғашында әскери саладағы қызмет бәріне қызық болады. Әсіресе, әйел адамдарды погон тағып, сап түзеу ерекше сезімге бөлейді. Басында мұндай жауапты саланың ыстығы мен суығына төзу оңай болмасы анық. Әркім өзінің оң жамбасына келетін, мінезіне сай мамандықты таңдайды ғой. Әскерде ерлермен қатар әскери шендегі әйелдер де қызмет етеді. Тек ер-азаматтар емес, әйелдер де Отан қорғай алуы керек. Қиын емес жұмыс жоқ. Бірақ таңдаған мамандыққа адалдық болса, қиындықтар білінбейді. Дәріс залына кіріп, курсанттарымды көргенде, барлық қиындықты ұмытамын. Бірақ білесіздер, біздің міндет курсантқа білім берумен шектелмейді. Кейде күтпеген жерден дабыл болады. Ондай кезде әскери міндеттер ер-әйел деп бөлінбейді. Офицер болғандықтан сапқа тұруға міндеттіміз».

Арманым – полковник болу

«Біздің өмір сүру салтымызда әскердегі әйелге әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Көшеде әскери форма киген аруларға көп адам басқаша қарайды. Үлкен кісілер батасын беріп, жылы тілектерін айтып жатады. Олар әскери киімдегі адамға, ол әйел болсын, ер болсын, өзін қорғайтын тұлға ретінде қарайды. Сондай кезде мәртебең бір көтеріліп қалады, жауапкершілік екі есе артады. Кейінгі кездері біздің салаға келгісі келетін қыздар көбейгені қуантады. Әскерге білімді, қабілеті бар қыздар әлі де керек. Қызметімді әрі қарай жалғастырып, алдымда болашақ әскери мамандарды даярлау міндеті тұр. Арманым – полковник болу. Әскери салада жүрген аруларды, әйелдер қауымын мерекемен құттықтаймын! Әрқайсысы өз саласының үздігі болсын!».



«ӨСКЕНДЕ СОЛДАТ БОЛАМЫН» ДЕЙТІНМІН

«Әскерде қызмет ету – әйелдің ісі емес» дегенмен келіспейтін тағы бір аруымыз – Ұлттық ұланның 3656 әскери бөлімі психологиялық қамтамасыз ету кафедрасының басшысы, аға лейтенант **Ғалия МАНСҰРҚЫЗЫ**. Оның бұл салаға келгеніне небәрі 4 жыл болса да, өзін әскерде өмір бойы жүргендей сезінеді. Себебі, ол әскери отбасында дүниеге келген.

«Әкем – полковник, ол да Ұлттық ұланда қызмет еткен. Анам прапориц, Қорғаныс министрлігінде және ҚР Президентінің күзет қызметінде ұзақ жыл жұмыс істеді. Балалық шағымды саптық шеруде, ата-анамның жұмыс орнында өткіздім. Кішкентай кезімде өскенде кім болғым келетінін жиі сұрайтын. Мен: «солдат боламын!» деп жауап беретімін», – дейді Ғалия Мансұрқызы.

Авиацияда екі жарым жыл жұмыс істеген кейіпкеріміздің қазіргі қызметіне келгеніне бір жыл ғана болыпты. Оның міндеті бірнеше бағыттан тұрады. Ең бастысы – сарбаздардың психикалық денсаулығын қадағалау, жеке құрамды психологиялық дайындау. Яғни әскери құрылымдағы ұландарға психологиялық қолдау көрсетеді.

«Шындығында, әскери өмірде қызықты оқиғалар жиі болып тұрады. Әсіресе, әскери психологтың жұмысында ойламаған нәрселер көп кездеседі. Ең есте қалғаны – парашютпен алғаш рет секірген сәтім. Әуедегі күрделі жаттығуда ұшақтан парашютпен секірудің түрлі тәсілдерін үйретеді. Әскери жаттығуға дейін ол психологиялық дайындық пен дағдыны талап етеді. Бірнеше шақырым биіктіктен жерге түсу – жауынгерлік міндеттердің бірі. Әрине, адам болғаннан кейін, қорқыныш басым болды. Бірақ әуеден қарағандағы әдемі көрініс бірден үрейді сейілтеді».

Ғалияның әскери психолог ретіндегі ендігі мақсаты – сарбаздарды психологиялық дайындаудағы жүйеге жаңалық енгізу. Қазіргі уақытта «Психология» мамандығы бойынша докторантураға түсуге дайындалып, әскери авиация мамандарын психологиялық даярлауға қатысты зерттеулер жүргізуді жоспарлап жүр.

«Басты ұстанымым – Отанымыздың игілігіне қызмет ету, оның мүддесі мен қауіпсіздігін қорғау. Мен осы құндылықтармен өстім және өмір бойы осы міндеттерді абыроймен атқарғым келеді», – дейді Ғалия.



ЖАНКЕШТІ КӘСІП

АСПАНДАҒЫ АРУ

ОТАНДЫҚ АВИАЦИЯДА ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ САНЫ КӨБЕЙІП КЕЛЕДІ

«БӘРІ ГАЗЕТТЕГІ МАҚАЛАДАН БАСТАЛДЫ»

– Ұшақтың әуедегі қауіпсіздігі ұшқыштың кәсіби шеберлігіне байланысты болады. Осыдан-ақ қызметтің қаншалықты жауапты екенін бағамдай аламыз. Авиа-цияға келуге кім түрткі болды? Әңгімемізді ұшқыш мамандығын таңдаған себебіңізден бастасақ...

– Басқалар сияқты, бала кезден ұшқыш болуды армандамадым. Ұшқыш болуымның себепкері – анам. Бірде үйге авиациялық газетті алып келді. Газетте Астана қаласындағы Мемлекеттік авиациялық орталыққа жасөспірімдерді қабылдау басталғаны жазылыпты. Мектепті жақсы оқып, үздікке аяқтадым. Мектеп бітірер шақта қандай мамандық таңдайтынымды ұзақ ойландым. Кейін ата-анамның қолдауымен авиациялық орталыққа құжаттарымды тапсырып, бағымды сынап көргім келді. Алдымен медициналық тексерістен өтіп, одан кейін математика және физика пәндерінен тест тапсырдым. Жоғары ұпай жинап, орталыққа оқуға түстім.

Сөйтіп, 15 жасымда авиацияға алғашқы қадамымды жасадым. Бұл орталықта навигация, метеорология, аэродинамика, авиациядағы заңдар, радиокommunikция секілді ұшқыш білуге тиіс қағидаларды оқытты. Алғашқы ұшу тәжірибемді чехиялық TL-2000 ультра-жеңіл ұшағын басқару арқылы сынап көрдім. 9 ай бойы алған білімді тәжірибеде қолдандық. Алғашқы SOLO (инструкторсыз ұшу) ұшуымызды орындап, жаздың соңында әуедегі уақыт 30 сағат болып, LAPL (light aircraft pilot license) лицензиясын алдым. Осыдан кейін өмірім авиациямен байланысты болатынына күмәнім болмады. 11-сыныптан кейін ҰБТ-дан жоғары балл жинап, Азаматтық Авиация академиясына грантқа түстім.

Академияда 2-курста оқып жүргенде Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы 120 шақты студенттен ең мықты деген 30-ын таңдап, Чехиядағы F-Air мектебіне 2 жылға оқуға жіберді. Сол студенттердің қатарында мен де болдым. Бұл мектеп 2 жыл ішінде ұшқыштарды дайындап шығарды. Қиын теоретикалық сабақтардан тест тапсырып, бір және екі моторлық ұшақтарды басқаруды үйрендім. Коммерциялық пилот лицензиясы CPL (commercial pilot licence) берілді. 250 сағат ұшу уақыты, диплом және үлкен компанияға орналасуға мүмкіндік алдық.

Академияны тәмамдап, бірден Qazaq Air әуекомпаниясына екінші ұшқыш болып орналастым. Канадалық Bombardier Dash 8 Q-400 ұшағын басқардым. Ұшқыш мамандығының бір ерекшелігі, базалық біліммен шектеліп қалмайды. Авиация мамандары өмір бойы оқып, тәжірибе жинақтауы керек. Жұмыс істеп жүргенімде компания Вена қаласына Dash-8 ұшағын үйренуге жіберді. Ол ұшақ менің алғаш тізгіндеген жолаушылар тасымалдайтын ұшағым болды. Qazaq Air-де бір жарым жыл тәжірибе жинап, басқа ұшақтарды басқарып үйренгім келді. Airbus 320 типті ұшақты меңгеру үшін Испания, Франция және

Халықаралық авиациялық ұшқыштар қауымдастығының дерегіне сәйкес, әлемдегі ұшқыштардың шамамен 5%-ын әйелдер қауымы құрайды. Ал отандық авиацияда нәзік жандылардың саны өскенін байқап жүрміз. «Ұшақты тек ер адамдар тізгіндегі алады» деген тегеурінді қағиданы бұзған, әуе көлігін басқаратын ұшқыш аруларымыздың бірі – Ажар ДӘУРЕНҚЫЗЫ еліміздегі ең үлкен Air Astana әуекомпаниясында екінші ұшқыш қызметін атқарады. Жас маман «Ақшамға» сұхбат беріп, авиацияның қыр-сырымен бөлісті.

Нидерланды елдеріндегі оқуымды тәмамдадым. Air Astana әуекомпаниясына ауысып келгеніме көп уақыт бола қойған жоқ.

– Ұшқыштар еңбек өтілін әуеде ұшқан сағатпен өлшейді. Әуеде қанша сағат болдыңыз?

– Авиацияға 16 жасымда, осыдан 9 жыл бұрын келдім. Жалпы ұшу уақытым 1100 сағатқа жетті. Мүмкін, ол соншалықты көп уақыт емес шығар. Бірақ мен үшін әуедегі әр минутым қымбат.

ЕҢ СӘТТІ САПАР

– Ең бірінші рейсіңіз қай жерге болып еді? Алғаш ұшақ басқарған кезіңіз есіңізде ме?

– Әрине, кез келген ұшқыштың алғашқы рейсі есінде мәңгіге қалады деп ойлаймын. Екінші ұшқыш ретіндегі алғашқы рейсім Астана–Алматы бағытындағы сапар болды. Бірақ сол кезде ойымда тек рейсті сәтті орындау тұрды. Қорқып, кобалжуға уақыт болмады. Жұмыстан кейін үйге қайтып келе жатқандағы сезім әлі есімде. Ұшақты өзім басқарғаным сенбедім.

– Ұшар алдындағы процесті айтып берсеңіз? Жұмыс кестесі қандай?

– Рейс алдында арнайы брифинг болады. Ұшқыштар әуежайға 1-1,5 сағат бұрын келуге тиіс. Командирмен бірге баратын жердегі ауа райын, ұшақтың техникалық жағдайын тексеріп, қанша жанармай құятынымызды ақылдасамыз. Штурмандардың рейске дайындаған флайт-жоспарымен танысып, қанша сағат ұшатынымыз, келу уақыты мен ауа райы белгіленген құжаттармен, жоспармен танысамыз. Егер ауа райына немесе басқа

да себептер болса, рейсті кейінге шегереміз. Ұшу қауіпсіздігіне әсер ететін жағдай болса, рейс орындалмайды.

– Рейс кезіндегі қызықты, есте қалған оқиғамен бөліссеңіз...

– Ең қызық болған сәт – тек әйелдерден құралған экипажбен ұшқан кезіміз болды. Командир Екатерина Сверчкова және 2 бортсерікпен Qazaq Air әуекомпаниясының тарихында алғаш рет тек әйелдер басқарған рейсті орындадық. Маған қыздармен жұмыс істеген қатты ұнады.

Қазір қызмет атқаратын Air Astana әуекомпаниясында ұшқыштар саны күн сайын артып келеді. 17 әйел ұшқыш қызмет етеді.

– Әуеде ауа райына, т.б. қатысты тосын оқиғалар болды ма?

– Әрбір ұшқыштың барлық рейсінде кездесетін ұшақтың әуедегі теңселуі шығар. Бір жердің ауасы ақырын, екінші жердің ауасы тез көтеріледі. Өртүрлі ауаның әсерінен ұшақ теңселеді. Қолайсыз ауа ағымында, қатты бұлттардың арасынан және таудың үстінен өткенде ұшақ теңселеді. Одан қорқудың қажеті жоқ. Барлық әуекомпанияда мұндай жағдайларда қолданатын түрлі әдіс-тәсілдер бар.

Ұшақ кабинасындағы командир және екінші ұшқыштың атқаратын міндеттері бар. Бүкіл экипаж мүшелері рейстін қауіпсіз әрі жайлы өтуі үшін барын салады.

– Екінші бірі ұшқыш бола алмайды. Ал кәсіби авиацияда жүрген қыздардың көтерер жүзі едәуір ауыр шығар...

– Азаматтық авиацияда барлық ұшқышқа бірдей талап қойылады. Ұшақ кабинасындағы командир және екінші ұшқыштың әрқайсысы

сының атқаратын жұмыстары әртүрлі болады. Ер мен әйел ұшқышта физиологиялық айырмашылықтар бар екені рас. Бірақ жұмыс қиын болғанымен, денсаулыққа мән беріп, өзіне көңіл бөлуге уақыт табылады.

Әуе қатынасы халықаралық талапқа сай болуға тиіс екені белгілі. Авиация – қарқынды дамып келе жатқан салалардың бірі. Дамыған елдермен бәсекелесіп, олардың деңгейіне жету үшін бәрін қысқа уақыт ішінде бір жүйеге келтіру керек болды. 1944 жылы мемлекеттер арасындағы халықаралық азаматтық авиация қызметіндегі ынтымақтастықты жүзеге асыратын ұйым құрылды. Чикагода өткен халықаралық конференцияда құрылған ұйымға мүше елдердің саны – 186. Қазақстан тәуелсіз ел ретінде азаматтық авиацияның ұшу қауіпсіздігіне қатысты нормалар мен ережелерді сақтау үшін 1994 жылы осы ұйымға кірді.

– «Ұшақта ең маңызды кез – ұшу және қону кезеңі» деп жатады. Сізге ұнайтын сәт?

– Ол рас. Ұшақта барлық жолаушының назарын аударатын да дәл осы сәттер. Ұшақты дұрыс ұшыру мен сәтті қондыра білу ұшқыштың кәсібилігін көрсетеді. Осы кезеңдерде ұшқыштар кабинада ең көп жұмыстарды орындайды. Екі ұшқыштың жұмысының басым көпшілігі, яғни 60–70 пайызы қонатын кезде басталады. Диспетчермен байланысқа шығып, жүйелерді қарастырады. Ұшуға, одан кейін қонуға дайындайды. Көбі ұшқыштар автопилотты қоса салады, қиын ештеңесі жоқ деп ойлайды. Әрине, автопилот ұшқыштың жұмысын жеңілдетеді. Бірақ кабинада одан да бөлек жұмыстар жетерлік. Мысалы, түнгі 8 сағаттық рейсті алып қарайық. 8 мониторды 30 минут сайын тексеріп, барлық жүйенің жұмысын қадағалау керек.

Маған ең ұнайтын кез – ұшақтың қауіпсіз жерге қонып, тиісті әуежайға жетуі. Ұшақпен көкке көтерілген кез де эмоцияға толы, ғажап сәт.

ҰШҚЫШ БОЛАМ ДЕСЕҢІЗ...

– Қазір ұшқыш болғысы келетін қыздар көбейген. Болашақ әріптес-сіңлілеріңізге айтарыңыз?

– Бұл мамандықты шын жүрегімен жақсы көріп, мол жауапкершілікті сезіне білетін адам ғана таңдайды. Ұшқыш болғысы келетін қыздар саны көбейгеніне қуанамын. Қыздар әлеуметтік желідегі парақшама жазып, сұрап жатады. Кеңестерімді беріп тұрамын. Мен авиацияға келерде көбінен, әсіресе, ер-азаматтардан: «Сен қыз баласың. Саған авиацияның керекі не? Қыздарға тән жұмыс істе!» дегенді жиі естітім. Осы ретте ата-ана алғысым шексіз екенін айта кетейін. Олар бетімді қақпай, әрдайым қолдау көрсете білді.

Мектеп деңгейінде математика мен физиканы жақсы оқып, ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгерсе, кез келген қыз бала авиацияда оқи алады. Қыздарға айтарым, ештеңеден қорықпай, арманы ақиқатқа айналуы үшін барын салса деймін.

Сұхбаттасқан Гүлжанат СЕМБАЕВА.

ҚЫЗЫҚ ДЕРЕК

• Ұшақтың кабинасына кез келген адам кіріп-шыға алмайды. Тек бортсеріктерге рұқсат берілген.

• Рейс кезінде кабинадағы 2 ұшқыш 2 түрлі тамақ ішеді және әртүрлі уақытта тамақтануы керек. Егер біреуі тамақтан уланып қалса, екіншісі ұшақты жүргізе береді.

• Командир мен екінші ұшқыш бір отбасыдан шықса, яғни бір-біріне туыс болса, авиациялық қауіпсіздікке байланысты олар бір кабинада отыра алмайды. Ұшақты бірге тізгіндеуге тыйым салынған.

• Жылына бір рет болса да әр ұшақты найзағай соғады. Алайда, одан жолаушыларға ешқандай қауіп-қатер төнген жоқ.

• Ұзақ сапарға ұшатын болса, ұшқыштарға ұйықтауға рұқсат берілген. 2 ұшқышқа кезектесіп, 40 минутқа дейін ұйықтауға болады. Бірақ жерге төмендегенге дейін 20 минут қалғанда 2 ұшқыш та ояу болуға тиіс.



МЕРЕКЕЛІК СҰХБАТ

Бытырғы мамырда біздің «Alatau Aqparat» медиахолдингі мен Еуразиялық ғылыми-зерттеу институты арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Осынау әріптестік құжат шеңберінде қазір журналистер түрік тілін тегін үйреніп жүр.

Түркия – Қазақстанның тәуелсіздігін алғаш болып мойындаған мемлекет. Ал тіл білгеннің еш артықшылығы жоқ.

Тіл – халықтарды жақындастырады, бір-бірін жақын танып, терең түсінуге дәнекер болады. Курс аяқталған соң қатысушыларға Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті лингвистикалық орталығының арнайы сертификаты беріледі. Ал бізге аптасына үш рет сабақ беріп жүрген Неше ЙЫЛДЫРЫМ (Neşe YILDIRIM) ханым Алматыға Түркиядан арнайы келген ұстаз. Түрік қызымен болған сыр-сұхбатымызды сіз де оқи отырыңыз.

«МЕН АДАМ ІЗДЕП ЖҮРМІН»

Бізге түрік тілін үйретіп жүрген Неше ЙЫЛДЫРЫМ ханыммен сырласу



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АЛМАТЫ ҰНАДЫ МА?

– Елден жырақта жүргеніңізге қанша жыл болды, кімді көбірек сағынасыз?

– Менің Ахмет Ясауи университетінде түрік тілінен сабақ беріп жүргеніме екі жарым жыл болды. Бытырғы қарашадан бері Алматы Еуразиялық зерттеулер институтында дәрісімді жалғастырып жүрмін.

Иә, мен қазір отбасымнан, ағайын-туыс, достарымнан, студенттерімнен алыстамын. Сондықтан сағынатын адамдарым көп десем, артық айтқаным емес. Мен бұған дейін Ыстамбұлда жұмыс істегенмін. Ел жақтағы ортамыз, әсіресе кітап клубындағы пікірлес, рухтас достарымды және қандай тақырыпта болмасын емін-еркін, тосылмай, ашық сөйлесетін замандастарымды сағындым. Бәрінен де кейінгі кездері отбасынан жырақта, алыста жүрген, жұмысы көп мені уайымдап, үнемі алаңдап, тілеуімді тілеп отыратын анамды сағынамын.

– Алматыға бірінші рет келуіңіз бе? Біздің қалаға келген кезде сізді ең бірінші баурап алған не? Керісінше, не ұнамады?

– Алматыға бұл екінші сапарым. Табиғаты қатты жақсы көретіндіктен болар, назарыма бірден жасыл желекті әдемі ағаштар ілікті. Шаһар бейне орман ішіне тұрғызылғандай. Қала аса үлкен емес дер едім, бірақ тұрғыны көп. Дегенмен, үлкен болмаса да, іздегеніңіздің бәрі табыла кететін жер. Барлық жол сызғышпен сызылғандай түп-түзу, бір-бірімен қиылыса кетеді. Сондықтан сіздің адасып кетуіңіз мүмкін емес. Әйел заты сыртқа қалаған уақытында оңай шыға алады. Алматы көшелері мен үшін қауіпсіз, жайлы атмосфераны сезінемін. Мен мұнда өзімді бөтен сезінбеймін. Әрине, бұған екі халықтың адами қасиеттерінің де ықпалы бар шығар деп ойлаймын.

Алматының осыншама жасыл желекке оранғанына қарамастан, ауасының таза еместігіне таңданамын. Естуімше, зауыттардан шығатын түтіндер лаптап жатқан көрінеді. Маған осы тынысыңды тарылта түсетін лас ауа ұнақсырамайды. Бұл мәселе тезірек шешіліп, жасыл Алматы өзіне лайықты таза ауаға ие болады деп сенемін.

Айтпақшы, сөз орайы келіп тұрғанда тағы бір мәселені айта кетейін. Кейбір риэлторлар пәтер іздеп жүрген жандардың ішінен шетелдіктер екенін білсе, үйді көрсетпей жатып ақшасын алдын ала алып қойып, тақырға отырғызып кетіп жатады. Бұл да ескерілуі тиіс мәселе деп ойлаймын.

ШЫНАЙЫЛЫҚ ҰНАЙДЫ

– Біздің Алматыдан дос таптыңыз ба? Адамдармен қарым-қатынаста неге көбірек мән бересіз?

– Мен ересектерге сабақ беретіндіктен, мұғалім мен оқушы арасындағы байланыстан гөрі көбімен достық, сыйластық қарым-

қатынастамын. Мәдениетті, білімді шәкірттерім көп. Мен олармен сөйлескенді ұнатамын. Адамдармен қарым-қатынаста шынайылыққа аса мән беремін. Көлгірсу, екіжүзділік мүлдем ұнамайды.

Мен идеясы, ойы, көзқарасы мүлдем басқа жандармен де араласа беремін. Шын мәнінде мұны қажет деп санаймын, өйткені ол адамды дамытады. Тек бір-бірімізге шынайы болсақ сол жетіп жатыр. Мавлана Джалаладдин Румидің «Қандай болсаң, солай көрін. Қалай көрінсең, сондай бол!» деген тәмсілі маған ұнайды.

– Алматының қандай мәдени орындары көбірек ұнайды? Қайтып айналып бара бергіңіз келетін жері қайсы?

– Алматыда мәдени-рухани іс-шаралар өтетін орындар өте көп. Мүмкіндігінше бәріне баруға тырысамын. Мен мәселен көрмелерге, концерттерге барамын. Кофе ішіп отырып, тыныштықта кітап оқығанды жақсы көретінім бар. Қалада дәл осылай отыруға болатын жайлы кафелер де көп екен. Дегенмен де, мен үшін ең жайлы орындар – саябақтар, жапырағы жайқалған, көлеңкесі мол ағаштар.

ЖАРАПАЗАН

– Мегаполиске келген кездегі ең бір күлкілі, қызықты оқиғаңызбен бөлісе отырсыңыз?

– Менде ондай оқиғалар жиі болып тұрады. Бірақ Алматыда емес, Түркістандағы ерекше есімде қалған бір жағдайды айтып берейін. Өткен жылы Рамазан айы болатын. Үйде онлайн-семинарда отырғанмын. Есік қонырауы шырылдады. Бірақ экранда көптің алдында отырғандықтан тұрып кете алмадым. Қонырау үсті-үстіне шырылдай берді. Бір кезде есікті сындырып жіберердей қаға бастады. Ал менің сөзім әлі аяқталмаған сәт еді. Семинарға қатысушылардан кешірім сұрадым да, барып аштым. Сөйтсем, қарсы алдымда бес пен тоғыз жас аралығындағы сүп-сүйкімді қыздар мен ұлдар тұр. Олар мені көре салып бірден өлеңдете жөнелді. Мұндай тосын жағдайға қатты күліп жібердім. Әрине, олардың өнері үшін тәттілер беруім керек екенін бірден түсіне қойдым. Менің жалпы жайшылықта да алдымнан балалар кезіксе, қалтамнан кәмпит шығарып беретін әдетім бар еді. Бұл жолы да сөйттім. Балалар – періште ғой.

– Қазақстанның басқа қай өңірлерінде болдыңыз? Қазақ ұлтының қай қасиеті ерекше тәңгі етті?

– Түркістан мен Шымкент қалаларында болдым. Ахмет Ясауи мазарына барғанда қатты әсерленгенім есімде. Кесене төңірегінде қуаты күшті рухани аура бар, маған ол қатты сезіледі. Ерекше күйге бөленемін. Екеуі де әдемі қала. Дегенмен, мені Алматының табиғаты мен биік таулары көбірек баурап алды.

Қазақтың қай қасиеті дегенде, сіздердің жеті атаны жатқа біліп, сол құндылықты шын жүректен құрметтейтіндеріңіз жанды тербейді.

АЛТЫН ЖҮЗІК

– Қазақтың қандай тағамын жақсы көресіз?

– Бауырсақ, кілегей ұнайды. Таңғы асқа бал қосып шәй ішкенді жақсы көремін. Айтпақшы, шәйді құрт тістеп ішетінімді көрген кейбір достарымның қатты күлгені бар. Құрт – өте пайдалы тағам. Асқазанға пайдалы, жүрек жалғауға таптырмас, әрі сөмкеніңіздің бір бұрышынан да орын табыла кететін өте қолайлы тағам. Түркияда да құртпен шәй ішуді дағдыға айналдырсақ жақсы болар еді деп ойлаймын.

– Арманның бәрі жүрегімізге бала шақтан құндақталады ғой. Бала күңгі арманыңыз орындалды ма?

– Бастауыш сыныпта оқып жүргенде мұғалім болуды армандалдым. Иә, ол орындалды. Содан кейін әлеуметтану саласын менгергім келді, оған да қол жеткіздім. Бірақ журналист болсам деген арманыма қолым жетпей қалды. Қазір журналистерге түрік тілінен сабақ беремін. Сондықтан мен өзімді осы арманыма ішінара жақын жүргендей сезінемін.

– Ең алғашқы жалақыңызды қайда жұмсағаныңыз есіңізде ме? Анаңызға жасаған ең алғашқы сыйлығыңыз ше?

– Алғашқы жалақыма жаңа үйіме жақсы заттар сатып алдым. Сол жалақыма өзіме көк көзі бар алтын жүзік алған болатынмын. Сол сақина анама қатты ұнады. Мен ойланып жатпастан анама сыйладым. Әлі күнге қолынан шешкен емес. Анам риза болып жүрсе, менің де көңілім жәй.

ҚОЛ ШАМЫ

– Міне, бүгін көктем мерекесі. Арулар жігітінен көбіне қандай сыйлық күтеді? Өміріңіздегі ең ұмытылмас сыйлық?

– Менде сыйлық күту, дәмәту деген ұғым жоқ десем де болады. Сондықтан «арулар жігітінен көбіне қандай сыйлық күтеді?» деген сауалыңызға нақты қалай жауап берерімді білмей отырмын.

Осыдан бірнеше жыл бұрынғы оқиға. Жақсы жүзетін досым теңіз түбіне сүңгіп кетті де, біразға дейін жоқ болып кетті. Сөйтсе, теңіз түбінен көп етіп теңіз қабыршақтарын жинап алып шығыпты. Солардан маған әдемі алқа түзіп, сыйлыққа бергені бар. Толқыған теңіз астынан алып шығу дегеніңіз асқан күшті талап ететіні сөзсіз. Сондықтан да ол сыйлық мен үшін бағалы болды.

Ал таяуда бір әріптесім қол шамын сыйға тартты. Мен мұны алғашында мүлдем түсінбей қалдым. Мәнісін кейінірек ұқтым. Бірде мен әңгіме барысында әйгілі философ Дио-

геннің күндіз қолында шам ұстап көше кезіп жүргенде, сұрағандарға «Мен адам іздеп жүрмін» деп жауап бергені туралы айтқаным бар екен. Сол оқиға есінде қалған болуы керек, маған қол шамын сыйлапты. Бұл да көңілге жылылық беретін сәт.

– Адамды көрікті ететін не, киімі, әлде мінезі? Қазақ қыздары әдемі ме? Қалай ойлайсыз, олар неге көбірек мән беретін сияқты?

– Біз алғаш кездескен адамның, иә, алдымен сыртқы келбетін, киімін көреміз. Ал онымен сөйлесе бастағанда киім өзінен-өзі кейінге ысырылып қалады да, біз адамның нақ өзін көреміз. Маған адамның қарапайымдылығы, мінезге бай болғаны ұнайды. Қазақ қыздарының да өзіндік сұлулығы бар. Әсіресе, олардың ұлттық киімдегі болмысы ұнайды.

– Сізді өнердің қай саласы көбірек шабыттандырады? Хоббиіңіз...

– Мен өнердің барлық саласын жақсы көремін және олардың бәрінен шабыт аламын десем, қателеспеймін. Ал әдебиет – мен үшін ең құндысы, кітап оқығанды сүйемін. Суретті де жақсы көремін. Бұрын сурет салумен айналысқанмын. Бәлкім, қайта қолға алатын шығармын.

«АНАМ» ДЕП САҚТАУЛЫ

– Ал егер сізге кино түсіру немесе спектакль қою керек болса, ол не туралы болуы мүмкін?

– Адамзаттың жоғалтқаны туралы болатын шығар.

– Осынау өмірде адам нені қадірлей білуі керек?

– Көп нәрсені. Бірақ соның ішінде бірінші кезекте еңбекті қадірлеген абзал дер едім.

– Қазір өмірімізді смартфонсыз елестету мүмкін емес. Кімге жиі қонырау шаласыз? Телефонныңызда анаңыздың есімі қалай сақталып тұр?

– «Анам» деп сақтаулы тұр. Әрине, бірінші кезекте анама, сосын жақын достарыма, бауырларыма жиі қонырау шаламын. Кейбір достарыммен телефонмен сағаттап сөйлесе беруге бармын. Әсіресе, маған бауырымдай болып кеткен досым екеуіміз оқыған кітаптарымыз туралы ойларымызбен бөлісеміз. Мен ол досымнан көп нәрсені үйреніп жүрмін. Оның менің өмірімде бар болғаны үшін қуаныштымын.

– Әлеуметтік желіде не болып жатқаны сізді қызықтыра ма? Онда қаншалықты жиі отырсыз?

– Мен әлеуметтік желіні көп қолданбаймын. Әрине, бұл сөзім кейбір замандастарымның арасында күлкі тудыруы мүмкін. Себебі, қазір барша адамзат әлеуметтік желіге жіпсіз байланып қалған. Бірақ қоғамда, айналаңызда, күнделікті тыныс-тіршілігімізде не болып жатқанынан хабардар болып отыру үшін әлеуметтік желінің орны бар деп айта аламын. Тіпті, кейбір әлеуметтік оқиғаларға адамдардың өзі де ықпал ете алатын қуатты платформаға айналды. Сондықтан әлеуметтік желінің дәл бүгінгі қуатын елеуге болмайды.

ӨЗІМЕ КЕҢЕС

– Лотерея ұтып алсаңыз, ол ақшаны қайда жұмсар едіңіз?

– Әлемді аралар ма едім. Көптеген жұмыс көзін ашып, адамдарға көмектесетін шығармын. Бірақ қазір ойлап қарасам, мәдени орталықтарды басқаша форматта ашу керек сияқты. Тіл, кітап, би, спорт үйірмелерін көбейтіп, оған тұрмысы төмен отбасылардың дарынды өрендерін тегін оқыту қажет.

Ақшаны пайдалану да мәдениет екенін білеміз. Менде ешқашан көп ақша болған емес. Егер мен лотереядан көп ақша ұтып алсам, ол бірден таусылып қалатын шығар. Иә, лотерея көп адамның арманы болар, бәлкім. Бірақ мен үшін таза өз еңбегімнен ақша тауып, адал табысыңмен адами тұрғыда өмір сүру маңызды.

– Өткен уақыттар кері айналып келер болса, өміріңізде нені өзгерткен болар едіңіз?

– Кейбір босқа өткізген уақытымды өзімді жетілдіру үшін пайдаланғым келеді. Көбірек оқып, тоқуға көңіл бөліп, шет тілдеріне мән беріп, өзімді спорт саласында да көрсеткен болар ма едім.

– Қазір алдыңызда өмірге енді ғана қанат қалқалы тұрған кешегі жасөспірім Неше отырса, оған бүгінгі ойы толысқан Неше қандай кеңес айтқан болар еді?

– Сізге үйренетін нәрсе көп. Алда ұзақ жол жатыр. Уақыт өте құнды. Даму мүмкіндіктерін жіберіп алмаңыз. Сізді барлық жағынан да биіктететін ортада болыңыз. Өзіңіздің қадіріңізді біліңіз және ең бастысы – қандай жағдайда да жақсы адам болып қалу керектігін есте сақтаңыз.

Сұхбаттасқан
Нұржамал ӘЛШЕВА.



«Ақшамның» арулары



**Рая
ЕСКЕНДІР**
бөлім редакторы




**Нұржамал
ӘЛІШЕВА**
бөлім редакторы



**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
бөлім редакторы



**Ақмөр
МОЛДАҚҰЛОВА**
беттеуші



**Қуаныш
ҚАБАЕВА**
хатшы



**Кенжехан
НҮСІПОВА**
корректор



**Мархабат
ШОЙБЕКОВА**
корректор



**Айша
АБУОВА**
беттеуші



**Мәншүк
БЕКБОСЫН**
тілші

Бүгін – ақ жаулықты аналардың, қылықты қыздардың, ибалығымен келісті келіншектердің мерекесі! Нәзік жандыларға амандық-саулық, отбасылық бақыт тілейміз! Біз шаһарымыздың бас басылымы – «Алматы ақшамы» газетінде қызмет етіп жүрген қыз-келіншектерді мерекемен құттықтай отырып, оларды қалың көпшілікке таныстырғанды жөн санадық.

АҚ ӨЛЕҢ

Мейрам бүгін, мереке, міне, мереке,
Мерекенің бұл түп-дерегі – береке.
«Ақшамдағы» «ондыққа» тигізе алмай,
Қалмайыншы оқырманға келеке.

Деп бастадым әзілімнің астарын,
Есіме алып қиылған қалам-қастарын.
Газет шығару оңай деймісің, қарағым...
Қалаымды үшкірлей енді бастадым.

Наурыздың шуақты арайымен,
Қыздарды бір құттықтап қалайын мен.
Толған ай – толықсыған бойжеткен гой,
Аруларымың кәдесіне жарайын мен.

Бес-бес қыздан нысанаға аламын,
«Ондыққа» бағасын бере саламын.
Десем-дағы, оны – 10 тарау гой,
Мүлт кетсем, сәл ұятқа қаламын.

Рая ханым, Нұржамал мен Құралай,
Мәншүк пен Гүлжанатым. Бұ қалай?
Ұрпақтардың сабақтастығындай.
Сыйластығы – бір керім. Дәл солай.

Ақылды Ақмөр, кішіпейіл Кенжем бар,
Қуаныш, Мархаба, Айшаға берер ениім бар.
Мамандығын бес саусақтай меңгерген,
Қыздар жайлы бізде мықты шешім бар.

Төл мереке берекеге бек ұлассын,
Табыс тасып, өңгесі түгел қыр асын.
Қыз-қуаныш, әйел бақытын тілеймін,
Көктегі Күнге күлімдеп жыр асын!



**Гүлжанат
СЕМБАЕВА**
тілші

Әріптестермен әзілдескен А.ҚЫДЫРБАЙҰЛЫ.

Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



БИЛІКТЕГІ БИКЕЛЕР

Бір қолымен адамзатты көтеріп,
Құшағында махаббаты өтелген,
Әйел деген құдірет қой, құдірет,
Бізді өмірге әкелетін бір рет, –
деп ақын жырлағандай, әйелден асқан құдірет
сірә, жоқ шығар. Мың жылдан астам тарихы бар
шаһарымыздың шырайы, көгіндегі Нұр-Айы
әйелдер екені анық. Алматы Алатауымен,
аруларымен ажарлы. Сол Алматының келбетіне
көрік қосып, еңбегімен ел құрметіне бөленіп
жүрген қыз-келіншектер баршаңызды көктем
мерекесімен құттықтайды.

Тамара МҰХТАРХАНҚЫЗЫ,
Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесінің
төрайымы:

ҰЛТТЫҚ МҮДДЕНІ ЖАНДАНДЫРУ ЖОЛЫНДАМЫЗ



Қандай керемет! Күн жылынып еді, көңіл шіркін де көтеріліп сала берді. Ең алдымен осынау шуақты күні шаһарымыздың барша аналарын, қыз-келіншектерін көктем мерекесімен құттықтаймын! Біздің халық қашан да қыз баласын төрге отырғызып, абзал анасын құрметтеген ғой. Сол үрдістің үзігі үзілмесе екен деймін. Мереке қарсаңында «Қазақ аналары – дәстүрге жол» атты қоғамдық бірлестік құрған едік. Қазір осы сауапты жұмысты бастап жатқан жайымыз бар.

Жалпы, біздің аналарымыз, әйелдеріміз деген мықты ғой. Сонау сұрапыл соғыста ерлерден қалыспай қолына қару алды.

Бүгінгі бейбіт заманда да қоғамның барлық ортасында жүр. Әйелдің көтерген жүгі ешқашан жеңіл болған емес. Қарап отырсаңыз, отбасының берекесінен бастап, бала тәрбиесіне дейінгі барлық жүкті әйелдің иығына іліп қойғанбыз. Сондықтан жастар тәрбиесін қоғам болып қолға алғанымыз жөн дер едім.

Рас, соңғы кездері жас ұрпақ мәселесі, жалпы жастар жайлы көп айтылып жүр. Тастанды балалар саны артып, қарияларымыз қарттар үйін паналап кетті. Ұзақ жыл ұрпақ тәрбиесімен айналысып, ұстаздық еткен жан ретінде бұл жағдайдың менің жүрегімді ауыртатыны жасырын емес. Жастарымыз үлгілі болу үшін ең алдымен өзіміз үлгі болып, бәріміз атсалысуымыз керек. Мейлі, қоғамдық бірлестік болсын, түрлі партия болсын санаспай, бірге жұмыс істеуіміз керек.

Айтпақшы, қаламыздың ең ұзақ жасаған қариясы біздің ауданымызда тұрып жатыр. Ол кісінің жасы қазір – 108-де. Міне, осындай аңыз адамымыз бар, абзал аналары бар ауданның шығар биігі әлі алда болса керек. Ұлттық мүддені жандандыру жолында бізге зор қолдау көрсетіп келе жатқан қала басшысына рахмет айтқым келеді.

«Әйелдің жасы – 18» дейді ғой, қазір менің жасым 75-те. Бұл аз жас емес. Соған қарамастан, еліміздің ертеңі үшін, қол қусырып қарап отыра алмаймын.

Гүлмира ҚАНАЙ,
Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің ректоры:

ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫНЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Біздің алдымызда зор міндеттер тұр. Соның ішіндегі ең басты мақсат, мемлекетіміздің болашағы – білімді ұрпақты тәрбиелеу. Қазір біз сол қастерлі мақсаттың биігінен көрінуге ұмтылып, қазақ қыздарының киелі білім ордасының беделін арттыруға қызмет етудеміз.

Әсем қала Алматыда орналасқан, Орталық Азиядағы қыз балаларға арналған жалғыз білім ордасы – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті биыл өзінің 80 жылдық мерейтойын атап өтуге дайындық үстінде. Сұрапыл соғыс жылдары қазақ

қыздарынан ұстаздар дайындау мақсатында ашылған оқу орны бүгінде еліміздің шалғайда орналасқан ауыл мектептеріне жетпіс мыңнан астам ұстаз дайындап берген, Қазақстандағы іргелі педагогикалық оқу орындарының бірі.

Атақты Гоголь көшесіндегі тарихи ғимаратымен белгілі, талай ақын-жазушылардың жырына, көркем шығармаларына арқау болған қазақ қыздарының қара шаңырағы да оңтүстік астанамызбен уақыт белестерінен бірге өтіп келеді. Жастар



Гүлнәр СӘРСЕНБЕКОВА,
Халықаралық инженерлік-технологиялық
университетінің ректоры:

КЕҢ МҮМКІНДІКТЕР АШЫЛДЫ

Барша аруларымызды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесімен Халықаралық инженерлік-технологиялық университеті ұжымы атынан құттықтаймын! Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан үйренетін емес, үйрететін, тұтына-

тын емес, өндіретін мемлекетке айналуға тиіс. Бұл міндет бос сөз күйінде қалмауы керек. Ол үшін біз әрдайым батыл қимылдап, бір қадам алда жүруіміз қажет. Жұмысты дұрыс үйлестіре алсақ, бұл шаруа біздің қолымыздан келетіні анық», – деген еді. Ел бағдарын негізге алған әсем қала Алматы инфрақұрылымының жан-жақты дамуы жүз мыңдаған білім алушылардың еліне деген сүйіспеншілігін арттырып, ертеңіне деген сенімін бекітіп келеді. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің

саликалы саясаты әйелдер қауымы үшін кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Халықаралық инженерлік-технологиялық университетінде еңбек етіп жатқан асыл жандар инженер маман тәрбиелеп, сапалы білім беру жолында биік межелерді бағындыруда. Оқу ордасында инженерлік-технологиялық бағытта халықаралық ғылыми орталықтар, нарық сұранысына жауап беретін жаңа білім беру бағдарламаларын ашудан қатар, студенттерді жағажанамен қамтамасыз ету де басты орында. Дәл қазір біз оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің еңбекқорлығын көтеріп, әлеуметтік қолдау шараларын күшейте отыра, «Еңбек адамын» қалыптастыру жолында жетістікке қол жеткізіп отырмыз.

Данышпан халқымыз «Ананың сұлулығы жүзіндегі мейірімінен көрінеді», – дейді. Олай болса, мейірім мен шапағат, әдептілік, әдемілік, парасаттылық, кәсібилік пен еңбекқорлықты отбасы мен қызметінде қатар алып, берекенің ұйытқысына айналған ардақты аналар мен аяулы аруларымыздың ерен еңбегіне табыс, зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!

Маржан ЕРТАЙҚЫЗЫ,
Бостандық ауданы әкімінің
орынбасары:

ЖҰМАҚ – АНАНЫҢ ТАБАНЫНЫҢ АСТЫНДА



Халқымызда «Анаңды Меккеге үш рет арқалап апарсаң да, борышынды өтей алмайсың» деген сөз бар. Мен ең алдымен, ақ жаулықты аналарымызды келген мерекеміз құттықтағым келеді. Ол кісілерге тілерім, балаларының қуанышына кенеліп, рахат өмір сүруді жазсын!

Соңғы жылдары елімізде ғана емес, Алматы қаласының өзінде барлық салада әйелдердің саны басым. Мейлі билік басында, мейлі білім саласында болсын әйелдеріміздің шоқтығы биік.

Өзім де осы салада жүргендіктен бір қолымен ұлтының ұстанымын, бір қолымен қазанын қайнатып жүрген құрбыларымызды осынау жауапты қызметте тек төзімділік тілеймін.

Ләззат ЖЫЛҚЫБАЕВА,
Алматы қалалық
Білім басқармасының басшысы:

БІЛІМ САЛАСЫНДА КӨБІНЕ ӘЙЕЛДЕР ҚЫЗМЕТ ЕТЕДІ



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазіргі білім берудің жаңа бағытына кеңінен қолдау көрсетіп отыр. Соңғы кездері білім жүйесін дамыту үшін баланың физикалық және психологиялық денсаулығын қолдап, сапалы білім берумен қатар, даму мүмкіндіктерімен және басқа да жағдайлармен қамтамасыз етуге бағытталған жобалар іске аса бастады.

Қазір қаламыздың білім жүйесі қызметкерлері «Алматы мектептері» бағдарламасы аясында бірнеше шет мемлекетке барып келді. Осы ретте олар озық тәжірибе алмасып, заманауи білім берудің өзекті мәселелерін талқылады. Осы сапарда шетелдік әріптестерімен өз білімдерін бөлісіп, күнделікті жұмыста кездесетін жетістіктер мен қиындықтар туралы әңгімеледі. Шеберлік сыныптары мен басқа да экскурсиялар ұйымдастырылды.

Мемлекет басшысы Алматыға келген сапары барысында бір ауысымды мектептерге бірте-бірте көшу керегіне баса мән берген еді. Сондықтан үш ауысымды мектептердің барлығын тек екі ауысымда оқитын етіп қана қоймай, бірте-бірте бір ауысымға өткізу мәселесі де оң шешім тауып отыр. Егер балалар бір ауысымда оқыса, білім беру сапасына өте жақсы әсер етеді. Бұл мақсатқа жету үшін «Жайлы мектеп» жобасы үлкен рөл атқарады. Қазір Алматы қаласында бой көтеріп жатқан «Жайлы мектеп» жобасына 2,6 трлн теңге толығымен республикалық бюджеттен бөлініп отыр.

Алматы қаласының білім саласында еңбек етіп жатқан қызметкерлердің дені – әйелдер. Сондықтан осынау қиын да қызық білім саласында табысқа жете беріңіздер деймін.

Әзірлеген
Рая ЕСКЕНДІР.





БҰРЫМДЫЛАР БИІГІ

ОЛИМПИАДАҒА АТТАНАТЫН АРУЛАР

Биыл Франция астанасы Парижде төртжылдықтың басты додасы жазғы Олимпиада ойындары өтеді. Қазақстандық спортшылар бүгінге дейін 19 олимпиада лицензиясын жеңіп алды және қазір тағы да 60-қа жуық жолдама үшін әртүрлі халықаралық жарыстарда күресіп жатыр. Ал лицензия алған қыз-жігіттеріміз бос жатқан жоқ. Әлем алдында ел намысын қорғайтын спортшыларымыз қазір қызу дайындық үстінде. Олардың ішінде қайратты да көркем аруларымыз бар. Бүгінгі мерекеге орай, спортшы қыздарымыздың олимп жолын айта кеткенді жөн көрдік.



Александра ЛЕ

Ұлттық құрама сапынан Париж Олимпиадасына лицензия жеңіп алған спортшының бірі – оқ ату спортының өкілі Александра Ле. Алматылық ару Джакартада (Индонезия) өткен оқ атудан лицензиялық Азия чемпионатында Олимпиада жолдамасын жеңіп алды. 50 метрден пневматикалық винтовкадан оқу ату жарысының финалында Александра Ле жетінші орынға табан тіреп, құрама қоржынына кезекті Олимпиада лицензиясын салды.

Александра кәсіби спортпен 2017 жылдан бері айналысып келеді. Бір қызығы, оның бұл спорт түрімен шұғылдануына сыныптасы себепші болған. Оқ ату спортының жаттығуына бармай тұрып Александра мұндай кәсіби спорт түрі бар екенін білмейтін. Жас спортшының спорттағы алғашқы қадамдары сәтті басталған соң, ол кәсіби түрде айналыса бастаған. Кейінгі жылдары Александра ішкі жарыстарда да, халықаралық бәсекелерде де үздік нәтиже көрсетіп жүр. Мәселен, ол ел чемпионатында бір алтын, үш күміс және 1 қола медаль жеңіп алса, Оңтүстік Кореяда өткен Азия чемпионатында 2 қола медальді олжалады.



Арина АЛТУХОВА

Парижде аттанатын тағы бір Алматы қаласының спортшысы – Арина Алтухова. Ол нысана көздеуден Оңтүстік Кореяның Чангвон қаласында өткен Азия чемпионатында олимпиада жолдамасын жеңіп алды. Айта кеткен жөн, 2023 жылдың 22 қазаны мен 2 қарашасы аралығында Чангвонда спорттық атудан Азияның лицензиялық чемпионаты өткен болатын. Жарысқа 30 елден 800-ден астам спортшы қатысты. Алтухова 50 метр қашықтықтан пневматикалық тапаншамен үш позициядан оқ атуда 5-орын иеленіп, Париж олимпиадасының лицензиясына ие болды.

– Жарысқа моральдық-физикалық тұрғыдан толық дайын болдым. Финалда Олимпиада лицензиясын ұтып, үмітті ақтай алдым деп ойлаймын. Шешуші сайыста 3 үнді, 2 қытай және 2 корей қыздары маған қарсылас болды. Мен Қазақстаннан жалғыз болғанымға қарамай, барымды салдым. Жалпы, төртжылдықтың басты жарысына жолдама алу – менің орындалған арманым десе болады. Енді Олимпиадада жеңіске жетуге ұмтыламын, – дейді Арина Алтухова

Елена ПОТАПЕНКО

Францияға сапар шегуді жоспарлап отырған тағы бір спортшымыз – Елена Потапенко. Қазақстандық спортшы Қытайдың Ханчжоу қаласында өткен Азия ойындарында Олимпиада лицензиясын жеңіп алды.

Потапенко әйелдер арасындағы қазіргі заманғы бессайыстан жеке жарыста 5-ші орын иеленді. Осылайша ол Париж Олимпиадасында өнер көрсетуге мүмкіндік алды. Соңғы кезеңге дейін Елена Потапенко жалпы есепте 8-ші орында болған, бірақ мылтық атуда сәтті өнер көрсетіп, алғашқы бестікке ілінді. Қазақстандық спортшының қорытынды нәтижесі – 1340 балл болды.

«Париж – 2024» Елена үшін алғашқы олимпиада емес. Ол 2021 жылы Токиода өткен олимпиадаға Қазақстан атынан қатысты. Қазіргі заманғы бейсайыстан қазақстандық спортшы 1322 ұпай жинап, 36 атлеттің ішінен 13-ші орын алды.




Карина ИБРАГИМОВА

Төртжылдық басты додасында ел намысын қорғайтын спортшылардың қатарында Карина Ибрагимова да бар. Ол 2023 жылы Қытайда өткен Азия ойындарында Париждегі олимпиадаға бокстан алғашқы жолдаманы жеңіп алды.

Карина Ибрагимова Азия ойындарының 1/4 кезеңінде моңғол спортшысы Намуун Монхорды 5:0 есебімен ұтып, бокстан Парижде алғашқы жолдама иегері атанған болатын. Сондай-ақ, 57 келіге дейін салмақта өнер көрсеткен ол бұл жарысты күміс жүлдемен аяқтады. Қытайда өткен жарыс финалында ол тайбэйлік екі дүркін әлем чемпионы Ю Тин Лиге жол берді.

Еске сала кетейік, Карина Ибрагимова – әлем чемпионатының үш дүркін жүлдегері, 57 келі салмақ санатында өнер көрсетеді.



Ясмин мен Арина

Ясмин Тұякова мен Арина Пушкина да биыл олимпиадада бақ сынаиды. Спортшыларымызға лицензия Катарда өткен су спортынан әлем чемпионатының қорытындысы бойынша берілді. Нақты айтқанда, Ясмин Тұякова мен Арина Пушкина жұбы 2023 жылғы Азия ойындарындағы өнер көрсету нәтижесі бойынша Париждегі Олимпиадаға жолдама алды.

Катарда өткен су спортынан әлем чемпионатының командалық сайыс қорытындысы бойынша Париж олимпиадасының 5 жолдамасы ойнатылды. АҚШ, Испания, Жапония, Италия, Канада елдеріне квота бұйырды. Ал командалық сайыста жолдама алған мемлекеттер дуэт сайысына да автоматты түрде қатысады. Қалған квоталар 5 құрлықтың үздіктеріне үлестіріледі. Осыған орай дуэт бағдарламасында Азия құрлығынан ең үздік нәтиже көрсеткен Қазақстан құрамасы Париж олимпиадасында бақ сынауға мүмкіндік алды. Сөйтіп, Ясмин Тұякова мен Арина Пушкина жұбы Ханчжоудағы жазғы Азия ойындарының қорытындысы бойынша олимпиадаға өтті. Ханчжоуда аталмыш жұп қола жүлдегер атанған болатын.

ФРИСТАЙЛ-МОГУЛ

8–10 наурыз аралығында Алматыда фристайл-могул мен шаңғы акробатикасынан әлем кубогы кезеңі өтіп жатыр. Аталған сынға әлемнің үздік спортшылары жиналды. Әлемдік жарысқа орай «Шымбұлақ» баспасөз конференциясы өтті.

ӘЛЕМ КУБОГЫ АЛМАТЫДА ӨТЕДІ

Оған Баспасөз конференциясы барысында «Шымбұлақ» ТК бас директоры Ринат Абдрахманов сайыстарға 16 елден халықаралық деңгейдегі 180 спортшы қатысатынын айтты.

«Осы жылы Шымбұлақ қатарынан екі мерейтойды атап өтпек: курорттың 70 жылдығынан бөлек, фристайл бойынша әлем кубогы кезеңдерін біздің курортта бесінші рет өткізгелі жатқанымызды да қуана атап өтеміз. Бұл жыл – біз үшін ерекше, біз осындай абыройлы сайыстардың қожайыны болып, спортшылар өз шеберліктерін көрсетіп, жаңа ұрпақты шабыттандыра алуы үшін жағдай жасап жатқанымызды мақтан тұтамыз», – деді ол.

Ал «ҚР Ұлттық Шаңғы Ассоциациясының» бас хатшысы Асқар Валиев жарыста алғаш рет онлайн-төрешілік болатынын атап өтті.

«Параллель могулдың олимпиада бағдарламасына енгізілгені қатты қуантады. Бұл жарыс түрі осы жылы Жасөспірімдер арасындағы Олимпиада ойындарында да алғаш рет өткізілді. Бұл – бағыттың дамуына және жас спортшыларға өз таланты мен шеберлігін көрсетуге қосымша мүмкіндік беретін үлкен қадам. Аталмыш сайыс 2026 жылы Миланда өтетін Олимпиада ойындарының бөлігі болғанын асыға күтеміз. Сондай-ақ, осы жылы тарихымызда алғаш рет онлайн-төрешілік болатынын атап өткім келеді. Курортта тек екі халықаралық төреші болады. Бұл қадам – цифрландыруға өтудің және шаралар ұйымдастыруда инновациялар енгізудің бір бөлігі», – деді Асқар Валиев.

Шаңғы акробатикасынан Қазақстан құрамасының бас бапкері Бағлан Іңкәрбек Алматыдағы әлем кубогы кезеңінде құрамадағы жас спортшыларға мүмкіндік берілетінін айтты.

«Өз жерімізде әлем кубогы кезеңінің өткізілуі – біз үшін үлкен мәртебе. Себебі, әлемдік спорт қауымдастығында біздің командамен барлығы да санасады. Халықаралық турнирлерде жүлдеге таласатын жағдайдамыз. Ерлер арасындағы екі спортшымыз А финалында сынға түсіп жүр. Ал Жанбота сынды үздік спортшымыз талай мәрте әлем чемпионаттары мен Олимпиада ойындарында ел намысын қорғады. Енді шаңғы акробатикасынан жас спортшыларды жарысқа қоспақпыз. Олар да үлкен жарыстың атмосферасын сезініп, тәжірибелерін арттырып, әлем мықтыларынан қорықпайтындай күйге жетуі керек. Өздеріңіз білесіздер, спортшыны осындай ірі турнирлер шыңдай түседі. Сондықтан жастарымыз жарысқа шығатын күн келді», – деді бас жаттықтырушы.

Сондай-ақ, Бағлан Іңкәрбек қазақстандық шаңғы акробаттарының болашағына үлкен үмітпен қарайтынын жасырмады.

«Мен өз спортшыларымның қалай еңбектенетінін көріп жүрмін. Олар сияқты тер төгетін атлеттерді өз басым кездестірмедім. Әлемдік жұлдыздар жасайтын элементтерді біздің қыз-жігіттер де орындай алады. Мәселен, қытайлық Олимпиада чемпионы әлем кубогының іріктеуінде біздің Иван Романов жеңіп кеткен еді. Қазір менің командам өзінің жұлдызды шағын, оңтайлы сәтін күтіп жүр. Әрбір сәтсіздік бізді тек шыңдай түседі. Оның үстіне, шаңғы акробатикасының еліміздегі танымалдығы да аса жоғары емес. Көпшілік бокс, күрес сынды спорт түрлерін ерекше бақылайды. Осы орайда, шаңғы акробатикасынан да болашағымыз бар екенін, осы спорт түрін де ұмытпау керектігін айтқым келеді», – дейді команданың бас жаттықтырушысы.

Әзірлеген Досбол АТАЖАН.



БРИФИНГ

ЕКПЕДЕН
БАС ТАРТПАҢЫЗ!

Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында өткен кезекті брифингте Алматы Онкологиялық орталығының сарапшылары адамның папиллома вирусынан туындайтын аурулардың алдын алу, оларды ерте анықтау және емдеудің маңыздылығы туралы айтты.

Адамның папиллома вирусы (АПВ) – жатыр мойны обырын, ауыз қуысының, ерлер мен әйелдердің жыныс мүшелерінің сыртқы қатерлі ісігін және аногенитальды сүйелдердің дамуын тудыратын инфекция (вирус).

«Папиллома вирусының 200-ге жуық түрінен тұратын топ, оның 14 түрі адам үшін аса қауіпті деп танылған. Бұл – әлемдегі ең көп таралған вирустардың бірі және адамдардың көпшілігі АПВ-ның қандай да бір түрін жұқтырады. Жыныстық қарым-қатынаста белсенді жастағы әйелдер мен 25–30 жасқа дейінгі ер адамдар бұл инфекцияға жиі ұшырайды», – дейді Алматы Онкологиялық орталығы директорының орынбасары Әлия Төрешева.

АПВ инфекциясы көп жағдайда ем-домсыз қалпына келеді. Алайда, кейбір адамдарда бұл вирус инфекциясы қатерлі ісіктің дамуына әкелуі мүмкін. Ал одан қорғанудың ең тиімді жолы – оған қарсы тұра алатын екпе алу және уақытында скринингтен өту. Вакцинаның тиімділігі көптеген зерттеуде дәлелденген. Дәлірек айтсақ, жатыр мойны обырына қарсы вакцина АПВ-ны жұқтыру мен өлім-жітімді 70%-дан 97%-ға дейін төмендетеді.

Сарапшы атап өткендей, жыл сайын бұл дерттің 1900-ден астам жаңа жағдайы тіркеледі және осы аурудан 600-ге жуық адам қайтыс болады.

Сонымен қатар, ол биылғы күзде ата-ананың келісімімен 11 жастағы жасөспірім қыздарды вакциналау басталатынын атап өтті. Сондай-ақ, жатыр мойны обырын ерте анықтау мақсатында елімізде 30 жастан 70 жасқа дейінгі әйелдерге төрт жылда бір рет кезек-кезеңімен скринингтік тексерулер жүргізілетінін айтты. Мәселен, былтырғы қорытынды бойынша Алматы қаласында жатыр мойны обырының 223 жағдайы (бұл есепке алынған барлық онкологиялық науқастың 4,1%-ы) анықталды, оның ішінде ерте сатысында белгілі болғаны – 142 адам. Бүгінде барлығы жатыр мойны обыры бар 2522 әйел есепте тұр.

Брифингке қатысқан Алматы Онкологиялық орталықтың бөлімше меңгерушісі Райхан Болатбекова да вакцинаның маңыздылығын атап өтті.

«Вакцинаның әсер ету ұзақтығы иммуногенділік деп аталады. Көптеген зерттеуге сәйкес иммуногенділік екпе алғаннан кейін 8 жылдан 10 жылға дейін сақталады. Сол зерттеушілердің айтуынша, ауқымды иммундаудан кейін ревакциналау қажет емес», – деді ол.

СӘТТІ ОТА

Ешкім ештеңеден сақтандырылмаған. Алдыңызда не күтпін тұрғанын білу мүмкін емес. Құрсағына бала бітіп, қуанып жүрген Құралай есімді алматылық әйел де бәрі аяқ астынан өзгеріп шығатынын білген жоқ. Жалпы, бұл оқиға қалай болды?

«Мен ішімдегі шаранамның жүрек соғысын тексерту үшін екінші рет УДЗ-ға бардым. Сонда баланың жатырға емес, жатыр мойнына біткені анықталды. Қатты ауырсындым, сосын қан кете бастады. Әп-сәтте «Жедел жәрдеммен» №4 қалалық клиникалық ауруханаға жеткізілдім. Мұнда дәрігерлер өмір үшін ғана емес, болашақ үшін де күресті дер едім. Нәтижесінде тірі қалдым, жатырым да аман. Болашақта сәбилі бола алатыным үшін шүкіршілік айтамын», – деп еске алады өткен күндерін Құралай.

Иә, әйел ауруханаға «жатыр мойнына біткен жүктілік, 8-9 апта» диагнозымен түскен. Мұндай патология кезінде қан кетеді әрі өмірлік маңызға ие органды жоғалту қаупі он есе артады. Аурухананың білікті мамандары аса күрделі патологияға қарамастан пациенттің жатырын сақтап қала алды.

Алматының №4 қалалық клиникалық ауруханасында жоғары сапалы диагностика жүргізуге барлық жағдай жасалған және қызметкерлердің тәжірибесі мен біліктілігі жеке емдеу стратегиясын құруға мүмкіндік береді.

«Әйелдің жасы 30-дан асқан, отбасын құрғанына да көп бола қоймаған. Бұл оның асыға күткен алғашқы жүктілігі еді. Ал бізге тек тиімді емдеу тактикасын әзірлеу керек болды. Оның үстіне, жатыр мойны жүктілігінің 8-9 аптасының өзінде әйел жатырын сақтап қала алады. Оны қырып тазарту кезінде қан кетуі және органды жоғалтып алуымыз мүмкін еді. Қалай болғанда да жатырды сақтады. Әйелдің болашақта ана атану мүмкіндігі бар», – дейді аурухананың емдеуші гинекологы Анжела Омарқұлова.

ҚАПЕРДЕ ҰСТАҢЫЗ!

КӨКЖӨТЕЛ
ауруынан да вакцина қорғайды

Көкжөтел – эндемиялық ауру. Қоздырғышы – *Bordetella pertussis* грам-теріс бактериясы. Денеге енген кезде ол шырышты қабатқа жабысып, қабыну процесін жеделдетіп, осы жерде тін некрозын тудырады.

Алматыдағы №36 қалалық емхананың педиатрия бөлімі меңгерушісі Динара Қайыпованың айтуынша, көкжөтел балалар мен жасөспірімдерге үлкен қауіп төндіреді. Ал ересектерді аса мазалай қоймайтыны – олардың бала кезінде алған екпеден кейін иммунитеттің дамуымен, соның ішінде басқа жұқпалы агенттерден қорғаумен байланысты. Егер екпе жасалмаса, инфекцияның ағымы ауыр болады.

– Көкжөтелге тән белгілерді айта кетер болсам, инфекция жұқтырғаннан кейін 10–14 күннен кейін дами бастайды. Ауру бірнеше даму сатысынан өтеді. Катаральды кезеңде суық тиюге ұқсас белгілер байқалады: дене қызуының көтерілуі, мұрыннан су азу, түшкіру және құрғақ жөтел. Келесі сатысында ауру спазматикалық жөтелмен қарқынды түрде дами бастайды. Күркілдеуі үдеп, науқасты көбіне түнде және таңертеңгі уақытта қинайды. Шұлы ысқырықты сырыл естіледі. Оттегінің жетіспеуінен жөтел кезінде бет қызырып ісінеді. Нәрестелерде спазматикалық жөтел тыныс алудың тоқтап қалуымен бірге жүреді, жалпы құрысу орын алуы мүмкін. Ауыра бастағанда қақырықтың жоғары тұтқырлығына байланысты бронх жеткіліксіздігі байқалады. Балаларда көкжөтелдің белгілері орта есеппен 4–6 апта бойы белсенді болып қалады. Емдеу кезеңі 3–4 айға дейін созылады, бұл кезде қалдық жөтел бірте-бірте басылады, – дейді Динара Қайыпова.

ҮМІТІМ ҚАЙТА ЖАЛҒАНДЫ

Болашақта сәбилі бола алатыны үшін шүкіршілік айтқан әйелдің оқиғасы



ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Сергей ЛЫСЕНКОВ, №4 қалалық клиникалық ауруханасының гинекология бөлімі меңгерушісі:

Бәрі жақсы болады

Бұл әдіс бізде алғаш рет қолданылып отырған жоқ. Дәрігерлердің дәл осындай патологияны емдеуде және органды сақтап қалатын терапияда үлкен клиникалық тәжірибесі бар. Бұған дейін тыртыққа өніп кететін жүктілік жағдайы болған. Тыртықты кесіп тастап, жатырды қайта тігіп сақтап қалдық. Жатыр мойнындағы жүктілік кезінде органды сақтау әрдайым мүмкін бола бермейді, жатырды алып тастауға мәжбүр болатын жағдайлар да кездеседі. Әр жағдай әртүрлі. Ең бастысы, бұл пациентімізге тағы да бала көтере алатын мүмкіндік, қуаныш сыйлай алғанымыз маңызды. Бірақ мен жергілікті дәрігердің қосымша бақылауын және инфекция мен гормоналды деңгейге қатысты кешенді тексеруді, уақыт өте келе ультратыңақтық бақылау арқылы жалпы қалпына келтіру терапиясын ұсынамын. Содан кейін міндетті түрде бәрі болады.

ДӘРІГЕР МІНБЕРІ

ДЕНІ САУ
ҰРПАҚ КЕРЕК

Бала емізетін ана күніне 2 литр сұйықтық ішкені абзал

Омырауда баласы бар аналардың көбі «не жесем болады, тәтті жесем, баламның бетіне бөртпелер шығып кетеді, іші өтеді» деп жатады. №36 қалалық емхананың медбикесі Ирина Задиреева осы жөнінде тарқатты.

Ол бала емізетін әйелдің басты ережесі – әр түрлі, теңдестірілген тамақтану екенін айтады. Емізуді сәбіні бар анаға тыйым салынған тағам жоқ дейді. Ол үйде бар барлық дерлік өнімді тұтына алады.

Маманның айтуынша, егер нәрестенің белгілі бір өнімге реакциясы болса, емізетін әйелге арналған тамақтану бойынша ұсыныс нақтырақ болады.

«Баланың реакциясы бетінің қызарғанынан немесе денесіндегі бөртпеден белгілі болуы мүмкін, көбіне ол ісінеді. Содан кейін сол кезде тұтынған тағамды әйел рационынан уақытша алып тастау керек. Баланың ішегі барлық дерлік тағамға реакция беруі не бермеуі мүмкін. Емізетін анаға тамақ күнделігін жүргізуге кеңес беремін. Онда ана өзінің барлық жеген тағамын (бір күн ішінде, бір аптада) жазып отыруы керек. Осылайша баланың қандай тағамға реакциясы бар екенін анықтауға болады. Нәрестенің дүниеге келген алғашқы күнінен бастап лактация болуы үшін ананың дені сау болуы қажет. Оның жүктілік кезінде дұрыс тамақтануы маңызды. Бұл ұрықтың онтайлы даму процесін қамтамасыз етеді және әйел денесін болашаққа дайындайды», – дейді емхананың «Баланы дамыту бөлімінің» медбикесі Ирина Задиреева. Бала емізетін әйел күніне 2 литр сұйықтық ішуі керек, ал жеткілікті диурез ағзадағы сұйықтықтың жеткілікті мөлшерін көрсетеді.

Маман-дәрігер рационалды, құнарлы тамақтануды дұрыс режиммен үйлестіру керек дейді. Омырауда сәбіні бар жас ана мүмкіндігінше тыныш, жайлы ортада болуы, жеткілікті мөлшерде тынығуы, қалыпты физикалық белсенділікпен айналысуы, таза ауада серуендеп, күніне кемінде сегіз сағат ұйықтауы керек. Осы жөнінде басқа да білгіңіз келетін жайттар болса, өзіңіздің тіркелген емханаңызға, «Баланы дамыту бөліміне» хабарласа аласыз. Онда медбике сізге бәрін толығырақ айтып береді және бала емізетін әйелдің қалай тамақтану керектігін де түсіндіреді.

Бетті әзірлеген
Нұржамал ӘЛШЕВА.

ТЫҢ ӘДІС

Бала кездегі тізе жарақаты енді мазаламайды

Алматы қаласы Балалар шұғыл медициналық көмек орталығының дәрігерлері өрендерде тізе жарақаты болғанда артроскопия әдісін қолданады. Бұл толық қалпына келтіруге мүмкіндік беретін шағын инвазивті ота түрі. 2020 жылға дейін бұл әдіс балалар травматологиясында қолданылмаған.

Бүгінде дәрігерлер тізе пластикасын, әсіресе, кәсіби спортпен шұғылданатын балаларда тізе буынының қозғалыштығын қалпына келтіру қажет болғанда көбірек қолданады. Жеткіншектің болашақта спортпен айналысуы не айналыспауы емдеу мен оңалту нәтижесіне байланысты.

Қазіргі жастар экстремалды спорт түрімен белсенді айналысады. Мәселен, жасөспірімдер арасында тау шаңғысы, сноуборд, коньки тебу, альпинизм, регби және кәсіби футбол танымал бола бастады. Балалар мен жасөспірімдер спортында да жарақат алатын жағдайлар болады.

«Осы жақында ғана біз балалар артроскопиялық қызметін дамыту бойынша мастер-класс өткізіп, үш операция жасадық: артроскопия, тізе буынын тұрақтандыру, алдыңғы крест тәрізді байлам пластикасы, мениск пен пластиктің дислокациясын жою, медиальды менискті тігу. Тізе буынының бірінші рет (қайталанған) шығып кетуі, бүйірлік менисктің бойлық жыртылуымен алдыңғы крест тәрізді байламның толық жыртылуы, ішкі дислокациясы бар және тізе буынындағы блок пен медиальды менисктің жыртылуы сияқты диагнозы бар балаларға ота жасалды. Бұл ауыр жарақат, егер операция жасалмаса, өмір бойы ауырсыну мен ыңғайсыздық мазалайды.



Үш операция да сәтті өтті және балалар үйге шығуға дайындалып жатыр», – деді Алматы қаласы БШМКО қабылдау бөлімінің меңгерушісі Мейіржан Құрманалиев.

Оңалту курсы аяқталғаннан кейін 3–6 айдан соң балалар әдеттегі өміріне оралып, үлкен спортқа саяхатын жалғастыра алады.

Тізе жарақаты адамның тірек-қимыл аппаратының жиі кездесетін патологиясы тобына жатады. БШМКО травматологтары төртінші жыл қатарынан артроскопиялық әдісті дамытумен айналысып келеді. Осы уақыт ішінде дәрігерлер хирургиялық араласудың тізімін кеңейте түсті. Артроскопиялық ота қазір ревматология және ортопедия сияқты салаларда да қолданылады. Ота МӘМС шеңберінде тегін жасалады.



ПЕДАГОГИКА

«АЛМАТЫ МЕКТЕПТЕРІ»

Әлемдік білімнің әлеуеті зор

Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қаласының әкімі педагогтардың кадрлық әлеуетін дамыту үшін «Алматы мектептері» атты ауқымды бағдарламаны қолға алған еді. Осы уақытқа дейін шаһарымыздағы жүздеген мектеп басшысы мен мектепке дейінгі мекеме басшылары аталмыш жоба аясында бірнеше шет мемлекетте болып, халықаралық тағылымдамадан өтіп қайтты. Білім саласы қызметкерлері осылайша өз біліктіліктерін арттырып жатыр. Осы кезге дейін аталмыш бағдарлама аясында қала мектептерінің 141 басқару командасы тағылымдамадан өтсе, 2022 жылы 50 мектеп басшысы Эстония мен Финляндияда, 2023 жылы 50 мектептің басшысы Швейцарияда, 25 директор Сингапурда, 16 мектеп басшысы Ұлыбританияда тағылымдамадан өтіп келді. Алда Күншығыс елі – Жапония сапары тұр. Алматы қаласының оқытушылары енді аз уақытта осы елге барып, тағылымдамадан өтеді.

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Қайратбек ШӘДИЕВ,
№178 мамандандырылған лицей директоры:

БІЗДІҢ ЖҰМЫСЫМЫЗҒА
ТЫҢ ШАБЫТ БЕРДІ

Шетелдік тағылымдамадан өту біздің жұмысымызға тың шабыт берді. Халықаралық тағылымдамадан кейін екі жобаны қолға алдық. SPACE LAB- инновациялық зерттеу орталығы ашылды. Мұнда зымыран-дрон айлағы, оқу-монтаждау кампусы, баламалы энергия аймағы жұмыс істейді. Сонымен қатар, дәліздерде оқушылардың қолынан шыққан физикалық заңдылықтарға негізделген құралдар орнатылған. Лондондағы BETT Show көрмесіне ұсынылған қауіпсіз орта, цифрлық трансформациялау, робототехника және STEM, жасанды интеллектті білімге интеграциялау, сондай-ақ, цифрлық менеджмент мәселелері бойынша тәжірибе жасап, әріптестерімізге ұсындық. Сонымен, жобаның біріншісі – «Мен – практик» деп аталады. Бұл жобаны жүзеге асырудың маңызы өте зор. Мәселен, болашақ мамандықты тандаудың дұрыстығына көз жеткізу мақсатында оқушы кез келген маманның, өздері тұратын аймақтағы танымал адамдардың жұмысы мен табыстарын жеке өзі бақылай алады.

Оқушылардың тәлімгерлері кәсіпкерлер бола алады, яғни өз бизнес-жобаларын жүргізуді жоспарлап отырған оқушыларға кәсіби бағдарлауға көмектеседі; Оқушылар болашақ мамандығына сәйкес өндіріс орнының маманына барады және жұмыс бір күнінің ішінде олардың жұмысын бақылайды; Оқушылар алған білімдерін жұмыс орнында қолдануға болатындығын түсінеді, сондай-ақ нақты тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Осы ретте «Мен – практик» жобасының өнімділігі неде деген сұрақ туындауы мүмкін ғой. Мұның жауабы да қарапайым. Армандаған мамандығының дұрыстығын, не бұрыстығын түсінуге көмектеседі.

Жобаны жүзеге асыруда жасалатын нақты қадам ретінде оқушыларға мамандықтардың тізбесін ұсынып тандауға ықпал етіп, тағылымдамадан өтетін өндіріс орнын тандауға көмектесу, оқушының тандаған мамандығына сәйкес өндіріс орындарына мотивациялық хат жазып, өтініш жасау, «Мен – практик» жобасына қатысатын әртүрлі кәсіптер мен жұмыс берушілермен танысу.

Екінші жобамыз – «Өндірістегі сабақ» деп аталады. Бұл жобаны да жүзеге асырудың маңызы өте зор. Мәселен, «Өндірістегі сабақ» жобасы оқушылардың ғылыми-жаратылыстану көзқарасын арттырып, оқушылар сабақ барысында өмірдің өзі қоршаған ортадан тұратындығын сезініп, зерттеу жұмыстарының қарапайым нәрседен тұратындығын түсінеді. Сонымен қатар, оқушыларға виртуалды емес, нақты ортаның әсерін танытады. «Өндірістегі сабақ» жобасында сабақтың тақырыбына байланысты мұражайда, зияткерлік орталықтарда, жылыжайларда, ботаникалық бақтарда, зерттеу институттарында, ЖОО-ның зертханаларында, т.б. теориялық білімді практикалық үдерістермен байланыстыруға мүмкіндік алады.

Бүгінгі таңда техникалық мамандықтарға деген сұраныс артуда. Даму бағдарламасында қарастырылып отырған жобамыз да лицейдің бағытымен сәйкес жүруіне мән беруіміз керек. Сондықтан оқу жоспарына техникалық мамандықтар бойынша дайындайтын факультативтер мен үйірмелерді енгізудің тиімділігін арттыру жоспарланып отыр. Оның ішінде, «3D модельдеу», «Сандық дизайн», «Электрмен қамтамасыз ету», «Тамақтандыруды ұйымдастыру», «Түсті металдар металлургиясы», «Зертханалық технология», «Машина құрылысы технологиясы», «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану», «Мұнай мен қайта өңдеу технологиясы», «Ветеринария», «Тау-кен ісі», т.б. мамандықтары бойынша оқушылардың танымдық түсінігін қалыптастырып, дұрыс мамандық тандауға ықпал етуіміз қажет. Даму бағдарламасын жүзеге асырудағы жүйелі жұмыстар нәтижесінде мектеп оқушылары өз мамандықтарын ешкімнің ықпалынсыз тандайды. Сосын олардың физика-техникалық мамандықтарға деген қызығушылығы артады. Бұл ретте білім беру грантын алу мүмкіндігі көбейеді. Оқушылар ЖОО-да мамандықтарын өзгертпейді. Мамандығы бойынша жұмыс істеу мүмкіндігі артады.

Осылайша Алматы қаласының 50 мектебінің басқару командалары «Басқару және көшбасшылық: таяуда даму мектебі» атты кәсіби қайта даярлау бағдарламасының халықаралық дипломдарын алды. Сонымен, шаһарымыздағы 50 білім беру ұйымының 150 басшысын оқыту 2022 жылдың мамыр-желтоқсан айлары аралығында қалалық әкімдіктің бастамасымен қала педагогтерінің кадрлық әлеуетін дамыту жөніндегі «Алматы мектебі» бағдарламасын іске асыру аясында өтті.

Осынау 10 ай уақыт ішінде басқарушы командалар менеджмент, көшбасшылық, экономика және қаржы, өзгерістерді басқару, цифрлық білім беру, білім беру бағдарламаларын жобалау және білім беру саясатының трендтері саласында құзыреттерді қалыптастыруға бағытталған жеті күндігі оқыту модулінен өтті.

Аталмыш бағдарламада оқытудың әртүрлі форматтары қолданылды. Мәселен, жүргізілген сабақтар барысында интерактивті презентациялар, топтық жұмыстар, тьюторлық сүйемелдеу, қатысушылардың кейстерін көрсету және шақырылған спикерлердің қонақ дәрістері.

Оқыту барысында басқарушы командалар өз ұйымдарын дамыту бағдарламалары мен оларды енгізу жөніндегі даму жобаларын

әзірледі. Мектептерді дамытудың үш жылдық бағдарламаларын Алматы қалалық Білім басқармасы, «Білім берудегі жаңа технологиялардың қалалық ғылыми-әдістемелік орталығының» сарапшыларының алдында қорғап шықты.

Қайта даярлау бағдарламасының авторлары мен тәлімгерлері – Финляндия, Германия, Эстония, Ресей мен Қазақстанда кеңінен танылған практиктер. Оқыту барысында қатысушыларға сарапшылар тьюторлық қолдау көрсетті. Сонымен қатар, білім саласы қызметкерлері жаңа құзыреттер бойынша модульаралық онлайн курстарға қол жеткізіп, алғаш рет халықаралық тағылымдамадан өтуге мүмкіндік ашылды. Өткен жылдың 2–8 қараша аралығында Финляндия мен Эстонияда тағы да Алматы мектептерінің 50 директоры тағылымдамадан өтіп қайтты. Педагогтар ашық сабақтарға қатысып, инновациялық мектептер, университет және Хельсинки балабақшалары мысалында фин жүйесінің феноменімен танысты.

Жалпы, «Алматы мектебі» бағдарламасының операторлары – Хельсинки университетімен серіктес EdCrunch Academy (Қазақстан) заманауи білім беру институты, «НЗМ» ДББҰ, Мәскеу қалалық педагогикалық университеті, «Экономика жоғары мектебі» НИУ және ЭЫДҰ (PISA).

Руфина ӘЛДІҒАЗЫ,
№108 жалпы білім беретін мектептің директоры:

НЕГІЗГІ МАҚСАТ – БІЛІМ БЕРУ
ЖҮЙЕСІНЕ ЖАҢАЛЫҚ ЕНГІЗУ

Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алу. Сонымен, еліміздің оқу жүйесін Сингапурдағы білім беру жүйесімен салыстырсақ, екі елдің өзіндік ерекшеліктері байқалады. Сабақтарын бақылайтын болсақ, қарым-қатынас, жеке тұлғаны қалыптастыратын жұмысты байқауға болады. Ағылшын тілін жаппай меңгеруге біртіндеп көшеде.

Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс – заманауи, жаңашыл, креативті ұстаздар қауымының ақпарат тасқыны мен ғаламдану күшіне төтеп бере алатын, үш тілді терең меңгерген, отансүйгіш, рухы биік жас ұрпақты тәрбиелеу жолындағы үлкен сенімі. Шәкірт жетістігі – мұғалімнің кәсіби біліктілігі мен шеберлігінің жемісі. Ал осы шәкірт бойында оянған білім құштарлығы тұтанған шырақ секілді. Ең қиыны – осынау шырақты сөндіріп алмау. Ол үшін талмай еңбектену мен іздену қажет. Сонда ғана осы білім шырағы лаулаған жалыңға айналары сөзсіз.

Еліміздің білім беру мен ғылымды дамытудың жаңа деңгейге көтерілуі, білім саласындағы жеткен жетістіктеріміз бен қазақ ғылымындағы тың жаңалықтар – ұстаздарымыз бен ғалымдарымыздың, білім, ғылым саласы мамандарының нәтижелі еңбегі. Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр.

Осы сапар барысында Сингапурдың білім беру жүйесі – әлемдегі ең озық үлгінің бірі екеніне көзім жетті. Бұл елдің ұстанымы – оқи отырып, жұмыс жасау, жұмыс

жасау арқылы – оқу екен. Демек, басты миссия – адами құндылықтар. Біз «Алматы мектептері» жобасы аясында жоғары адамгершілік құндылықтары қалыптасқан, өз елінің мәдениетін бағалай білетін және өзгелердің мәдениетін құрметтейтін, өмір бойы білім ала отырып, әлемді өркендетуге үлес қосуға дайын, зияткер, шығармашыл, табысты тұлғаны тәрбиелеу үшін жағдай жасалған «INVECTUS» халықаралық мектебінде болып, оның жұмыс істеу шеберлігімен таныстық. Ұлттық университеттің бірінші курсына түскен, педагог мамандығын тандаған мамандар алдымен практикадан өтуді екен. Ең маңыздысы – педагогтың жалпы психологиялық және эмоционалды дайын болуы.

Негізгі мақсаты – ақпараттық технологияларды қолдана отырып, білім беру жүйесіне жаңалық енгізу. Әр оқушының пікірін біліп, идеясын іске асыру. Кәсіби құзыреттілікті арттыру, біліктілікті арттырудың нысандары, білім беру контекстерін білу, көпсалалы бағыттар, іздеу және зерттеу дағдылары, педагогикалық шеберлік, оқушыларды терең түсіну сияқты құндылықтардың «КӨСІБІ ДАМУДА» маңыздылығы жоғары екені талданды. «Canberra Primary School» өзінің оқу процесіне ойын технологияларын енгізумен айналысатын көрінеді. Ел болашағы үшін сапалық ұрпақ тәрбиелеп, оларға сапалы білім беру үшін білікті ұстаз қажет екені белгілі.

Бұл ретте Сингапурдегі мектептер жан-жақтылығымен ерекшеленеді. Сингапурда математикаға өте қатты мән береді екен. Тіпті, мемлекеттік деңгейде бақыланып отыратын пәндердің бірі. Егер сыныпта 20 оқушының біреуі тапсырманы дұрыс орындай алмаса, онда мұғалім келесі тақырыпқа көшпейді. Яғни бүкіл сынып дәрісті толық меңгермейінше, бір тақырып қайталанып оқытыла береді екен. Әр деңгей сабақ кестесіне қалыптасқан пәндермен қатар қабілеттердің дамуына бағытталған арнайы пәндерді кірістірілуімен жасалған.

Сонымен қатар, оқушылардың қабілеті мен дербестіктерін жан-жақты дамыту, бос уақытын ұтымды ұйымдастыру, шығармашылығын шыңдау мақсатында арнайы спорттық кешендер мен әртүрлі бағыттағы үйірмелер жұмыс жасауда. Яғни баланың болашағы үшін барлық жағдай қарастырылған.

Қымбат ҚАРАБАЛАЕВА,
№1 бөбекжай-балабақша меңгерушісі:

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ТАҒЫЛЫМДАМАНЫҢ
БЕРЕРІ МОЛ

Мен бұл сапардан көп ой түйіп қайттым. Сингапурден келе сала, «Балабақшада зерттеу әрекеті арқылы балалардың танымдық, шығармашылық дағдыларын дамыту» жобасын қолға алып, іске кірісіп кеттім. Әрине, өзге елдің озық іс-тәжірибесін алып, оны қолдану барлық мемлекетке тән үрдіс. Сондықтан біз үшін де халықаралық тағылымдаманың берері мол болды. Біздің №1 бөбекжай-балабақшасында өткен семинар жұмысына қаламыздағы көптеген балабақшалардың меңгерушілері, әдіскерлері мен тәрбиешілер келіп қатысты. Қалалық семинар Сингапур елімен тәжірибе алмасу мақсатында ұйымдастырылды. Бұл ретте «Кішкентай зерттеушілер» жобасы есеп беру семинары іспетті өтті. Зерттеу жұмыстары тек қана балабақшада ғана

емес, балабақшадан тыс жерлерде де өтті. Біздің балабақша ұжымы 3 өндірістік орталықпен келісімшарт жасасып, жұмыс жасап жатырмыз.

Балабақша бүлдіршіндері наубайхана, сүт фермасы және атақты «QAMSHY brand» тері өндіруші шеберхана-сында болып, экскурсия жасады. Осы зерттеулермен шектеліп қалмай, алда да зерттеу жұмыстарын жалғастырамыз. Бүлдіршіндеріміздің сөйлеу тілін дамыту мақсатында балабақшамызда екі театр залы ашылды. Бұл театрдың көк және қызыл залы бар. Сонымен қатар, театрдың кассасы бар. Балалар билетті өздері сатып, өздері залға жол көрсетеді. Көк залда қуыршақ, көлеңке, т.б. театр түрлері көрсетіледі. Қызыл залда балалар театр костюмдерін киіп өздері актер болып ойнайды.

Балабақшамыздағы тағы бір жаңалық – «Арман қала» атты қалашық ашылды. Ол жерде дүкен, емхана, сұлулық салоны, балабақша, бақша, әр түрлі көлемдегі үйлер, полиция бөлімшесі, авто жөндеу цехы сияқты орындар бар. Балалар бұл жерде еркін ойнап, бір-бірімен қарым-қатынас жасап, сөйлеу дағдыларын дамыта түседі. Жалпы, «Алматы мектептері» бағдарламасы арқылы көп ой түйіп, көп озық әдіс-тәсілді меңгеріп қайттық. Енді өз білгендерімізді өзге әріптестерімізге үйретіп, тәжірибе алмасуға кірістік.



БІЗДІҢ СҰХБАТ

Бартольдтан асыра зерттеген ешкім болмады

– Нұрлан мырза, елге келіп ауқымды ғылыми жобаны қолға алғаныңызды естідік. Әңгімемізді осыдан бастасaq. Қандай ғылыми жобамен айналысып жатырсыз?

– Иә, былтыр Ғылым және жоғары білім министрлігінің Бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру мүмкіндігіне ие болғанбыз. Осы бағдарлама негізінде «Орта Азияның тарихи географиясы» дейтін ірі жобаны қолға алып отырмыз. 2 жыл 3 айға жоспарланған, қазір ғылыми жұмыстары басталып кетті, оған 25-тен аса ғалым атсалысып жатыр. Аймақтың тарихи географиясы бойынша мұндай жоба Орталық Азияда алғаш рет болып отыр. Негізі Орталық Азияның тарихи географиясын XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың бас шенінде Бартольд зерттеген. Оның 9 томдық еңбегінің көбі осы тақырыпқа арналған. Қазірге дейін аймақтың тарихи географиясын әлемде Бартольдтан асыра зерттеген ешкім болмады. Бірақ Бартольд

Тарих ғылымының докторы, шығыстанушы Нұрлан Кенжеахмет былтыр Германияда Қазақ хандығының тарихи шекарасына қатысты ағылшын тілінде монография жариялағаны белгілі. Бұл еңбегі арқылы ол қазақ мемлекетінің тарихына қатысты аса құнды мәліметтерді шетелдік ғылыми кеңістікке енгізген болатын. Жақында тарихшы ғалыммен сұхбат құрудың реті келіп еді. Газет оқырмандарына осы әңгімемізді ұсынғанды жөн көріп отырмыз.

«ҚАЗАҚ» АТАУЫ ҒҰН ЗАМАНЫНАН БЕРІ БАР

негізінен бұрынғы араб географтарының жазбаларымен шектелген де, қытай деректерін пайдаланбаған. Сондықтан оның кейбір жерлерінде ағаттықтар бар. Сондықтан біздің ғылыми жобамыздың мақсаты – қытай және көне түркі деректерін де жүйелі пайдаланып, оларды араб географтарының деректерімен салыстыра отырып, аймақтың географиялық тарихын түгендеу.

Өңірдегі елдімекендердің тарихи атаулары бойынша қым-қуыт мәселелер бар. Түркі дәуірінен бұрын Орталық Азияның қалалары, әсіресе оңтүстік өңірлеріндегі жер-су аттары көбінде соғдыша аталған. Әр кезеңде әр түрлі аталған қала аттарына қатысты мәселелер бар бұл арада. Тараз дейміз, Сайрам дейміз, Сайрамның соғдыша аты Исбиджап, ал Шымкентке қатысты ежелгі Жамукент, Хамукент дегендер бар, нақты сол қала ма анықталмаған. Отырардың Фараб аты да белгілі, кейін сонымен қатар Тарбانت дейтін бір қаланың аты шықты. Көне түркі ескерткіштерінде Кеңу-Тарман деген бір жер бар, осыны көбі сол Отырар дейді. Міне, осы секілді түрлі тарихи жер-су атауларын бірізділікке келтірсек дейміз. Осы бойынша екі монография жазғалы отырмын. Біреуі – б.з.д III ғасырдан б.з. XI ғасырына дейін. Екіншісі – XI ғасырдан XIX ғасырға дейінгі дәуірді қамтиды. Шын мәнісінде, мұның біріншісі ғылыми жобамыз аясына енгенен болатын, бірақ XI ғасырдан XIX ғасырға дейінгі кезеңді жазып шығу үшін алдыңғы кезеңді жазуға тура келеді.

Себебі, кей жер аттары жаңа эрадан бұрынғы Орталық Азияда өмір сүрген халықтарға барып тіреледі, содан бері өзгермей келе жатқан кейбір жер аттары да бар. Осындай мәселелердің бәрін ғылыми жүйеге келтіреміз деп үміттеніп отырмыз. Осы бойынша басқа да институттармен әріптестік орната отырып, жер-су, елдімекен, қала аттарының хронологиялық кестесін жасағалы отырмыз. Мысалы, Тараз қаласының қазіргі және әр түрлі кезеңіндегі орналасуы мен атауларын қатар көре алатындай, әрі интернет платформасында қолжетімді еткіміз келеді.

Монографиямның тағы бір міндеті – қазақ руларының ежелгі орналасқан жерлері мен олардың этимологиясын анықтау. Өйткені, қазақ мемлекеттілігінің бастауы ежелгі ғұн дәуірінде жатыр. Қазақтың әрбір руының шығу тегі соған барып тіреледі. Ежелгі ғұндардың хан әулетіндік 4 руы бар. Түмен Төңірқұт пен Мөде Төңірқұттың шыққан руы қытай деректерінде алаюнт (көне түрікше ала-ат деген мағынада) деп аталады. Ол Махмұт Қашқари мен Әбілғазы еңбектерінде кезігеді, ал Қазақ хандығы тұсында алаша түрінде кезігеді, алаштың түп нұсқасы. Көктүріктер тұсында Орхон алабында яғлакар руы өмір сүрген, ежелгі түріктердің хан руының бірі, арғы тарихы ғұн дәуіріне тіреледі. Түйеңің өркенш майына қатысты болғандықтан көне түрікше яғла (майлау деген мағынада) түбірінен жасалған, қыпшақ дәуірінен кейін жалайыр аталды. Ғұндардың тағы бір хандық руының бірі – қыят тайпасы. Осы тайпа әйгілі Оғызнама дастанында кезігеді. Қазір де ұлы жүздегі бір тайпаның аты.

Ғұндардың тарихи географиясын жазып жатырмын

– Тарихи географиясы дегенде еске түседі, Мерв, Балх қалаларында сақталған грек үлгісіндегі тарихи құрылыстарға қарап Орталық Азиядағы қала мәдениетін гректерге апарып тіктейтіндер де бар. Сіздердің ғылыми жұмыстарыңызда бұған қатысты тиянақты жауап табылуы мүмкін бе?

– Орталық Азияның көптеген қалаларын, ондағы мәдени іздерді тікелей грек мәдениетімен ұштастыруға өз басым қарсымын. Себебі, тарихи дәлелдеген аймақтың өзінің бір заңдылығы бар. Ежелгі дәуірде мықты боламын десең қалай да атты әскерің болуы керек, онымен бірге көшпелі болуың керек. Отырықшы ел сені жауалай алмайды. Мәдениет ықпалының өзін жаулаушылар емес, халықтың өзі, яғни орта азиялықтар өздері әкелген болуы мүмкін. Орталық Азия ежелден дүниежүзілік сауда қарым-қатынасының негізгі қозғаушысы болған аймақ.

Сырт тараптан түрлі бұрмалаулар болып жатады. Мысалы, ғұндарды алайық, қазірге дейін талас-тартыста. Біздің заманымыздан бұрынғы Ғұндар туралы тек Қытай деректерінде – «Тарихнама», «Ханнама» дейтін кітаптарында айтылады, сол кезеңдегі басқа деректерден кезікпейді. Ал VI-V ғасырдан бастап соғды деректерінде кезігеді. Енді сол қытай деректерінде «Сюнну» (дұрысы, Шион-ну) деп аталған ғұндарды басқарал қалай атаған? «Олар кім болған?» дейтін сұрақтарға қатысты қазірге дейін екі үлкен көзқарас бар. Бірі – оларды түркілер болған десе, екіншісі – оны Енисей жақта жоғалып кеткен «кэп» деген халық деп қарайды. Бірақ қытай деректерінде түр, орта ғасырдағы Көк Түрік, Қаңлы, көшпелі ұйғырлардың барлығы ата-бабамыз ғұндар деп айтады. Сондай анық деректер бар. Ал Батыстың тіл ғалымдары, айталық, Қытайдың көне филологиясын зерттеген ғалымдар және оған ілескен бір топ ғалымдары бар, 1962 жылы бір теорияны жасап шығарды. Ол бойынша ғұндардың тілі Енисейде жасаған кэттің тіліне жақын дейді. Бірақ олар басқа деректердегі, орта ғасырдағы «Таннама» мен «Сүйнамада» анық жазылған деректерді көрмейді. Бұл кітаптарда «түріктердің арғы бабасы ғұндар, ғұндардың бір бөлігі» деп анық жазылған. Батыстық тіл ғалымдары осыларды мүлде көрмейді, бір



ауыз да келтірмейді. Оған қоса, қытайша иероглифтерімен хатталған ғұндардың 150-ден астам сөзі бар. Оларға келгенде бұрмалайды. Оларды атақты ғалым дейміз, не үшін олай істейтінін түсінбейсің. Мен қазір ғұндардың тарихи географиясын жазып жатырмын. Соның ішінде бар, X ғасырда Жемсары жерінде көшпенді ұйғырлардан Сыңку Сали деген буддист ғалым шыққан. Ол VII ғасырдағы Шуанзаньның «Батысқа сапарын» көне ұйғыр тіліне аударған. Сонда көне қытай тіліндегі «Сюнну» деген этнос атын «түріктер» деп аударған. Енді оны зерттегенде немістің ғалымдары оны символдық тұрғыда атаған дегісі келеді.

Орталық Азияның бірқатар жерлерінен соғды тіліндегі көптеген жазбалар табылды. Олардың ең көнесі жаңа эрадан арғы дәуірге, ал бергісі VI-VII ғасырға тән жазбалар. Арасында Түрік қағанаты кезіндегі жазбалар да бар. Осыларды орыс ғалымы Лившиц 2008 жылы жинақ етіп шығарды. Соның ішінде Шаш өңірінің билеушісі жазған мәтінде «f ұн» және «Чин» деген мемлекеттердің аты аталады. Сонда ана «f ұнды» Лившиц те түрік деген. VI-VII ғасырда ғұндар тарих сахнасынан түсіп кеткен, Көк Түріктердің заманы. Оны соғдылар кездейсоқ ғұндар деп атап отырған жоқ. Тарихи байланыс болып отыр. Соғдылар түріктермен тығыз қарым-қатынас жасаған, түріктердің саяси-дипломатиялық іс-қимылдарына көп қатысқан. Ғұн мен бірге атап отырған «Чин» деп Қытайды айтып отыр. Ол санскритше «чина» дегеннен шығып отыр. Қытайды жалпылай «чин» деген немесе «табғаш» деген. Көне түрік жазбаларында «Табғаш» деп келеді. Күлтегін, Билге қаған ескерткіштерінде.

Күлтегіннің жылдық асына өкілдері келген төңіректің төрт бұрышындағы елдерді сағат стрелкасы бойынша ретімен жазған. Шығыстан бастап Бүклі-Шөлгі елін, сосын Киданды атаған, ары қарай Табғаш, Түбіт, одан кейін Пар-Пұрм, одан былай Қырғызға қарай кетіп, отыз татар-киданды атап аяқтайды. Осындағы Бүклі-Шөлгі дегенге де талас көп. Көне түркі ескерткіштерін түсіну үшін, көне қытай тілін де білуің керек. Кем дегенде, Таң дәуіріндегі жазбаларды түсінуің керек. Таң дәуірінің жазбаларында түріктерге қараған бір ел бар – «сұң-мо» деп қояды. «Сұң» дегені орман, «мо» дегені шөл. Бұл негізі қазіргі Ішкі Моңғолияның шығысындағы кидандардың бір тармағы. Көне түрік тілінде «бүк» деп жынысты нуды айтады, «бүклі» дегені сол «орманды» деген сөз, «шөлгі» дегені сол шөл, шөл дала немесе шөлді дегені. Демек, көне қытайшадағы «Сұң-моның» тіке аудармасы. Себебі, ол кезде түркілер үшін қытай тілі халықаралық тіл болса, қытайлар үшін түркі тілі халықаралық тіл болды, бүгінгі ағылшын тілі секілді. Көне түркі және көне қытай тілінде бір-бірінен тікелей аударған жер атаулары өте көп. Мысалы, қазақ даласында Екі-Өгіз деген қаланы қытайлар «Шуанхы», яки «екі өзен» деп, қазіргі Сайрам көлін түріктер «Сүткөл» деп атаған, қытайлар тікелей аударып «Ру-хай», яғни «Сүт көл» деп атаған, мына Ыстықкөлді Таң дәуірінде қытайлар «Ры-хай» (Ыстық көл) деп аударды.

Сонда Күлтегіннің асына негізінен Шығыс пен Батыс түркі қағанатына қараған елдерден келген. Ал Пар-Пұрм дегенді Византия десіп жүр. Күлтегін тұсында қағанның өлімі Византияға жетуі мүмкін, бірақ өлім хабарын естіп, одан елшілері шығып Орхонға дейін жету үшін кем дегенде екі жыл өтеді. Сонда Күлтегін өліп, келер күздегі асында Византиядан елші келуі екіталай. Ал жақын елдердегі елшілері бірден келмейді. Сонда Пар-Пұрм дегені қазіргі мына Құндыз (Кундуз) қаласы, оны арабтар «Вар-Валз» деп атаған. Түріктерде «В»-ның алдына «А» жалғап айтатыны табиғи тілдік ерекшелік, «Пар» не «Апар» деп те оқуға болады. Демек, Пар сол Құндыз қаласы, ол кезде бұл қаланы Батыс түріктері билеген. Пұрұм дегені, Құндыздың оңтүстігінде бір жер аты бар «Руб» деген. Оның билеушісі де түріктер, сол қаланы түріктер «Ұрұб», я «Ұрұм» деп

атайды, мына жерде сол «Пұрұм» болып кеткен. «Таннамадан» осы жерден келген Оғыл-Тархан деген елшінің атын да кездестіруге болады. Бұл сонда Византия, Риммен қатыссыз. Енді осының бәрін ой жотамен емес, үлкен академиялық дәлелмен алып шығуымыз керек. Шетелде де небір мүйізі қарағайдай түріктанушылар, қытайтанушылар отыр, ертең солар оқығанда иланатындай болуы керек.

Тәуелсіздік алғалы тарих зерттеуде үлкен серпіліс болды

– Тәуелсіздіктен бері қарай өз тарихымызды тынбай қазып жатқандаймыз. Бірақ өзіңіз айтып отырғандай, өзгелердің біздің тарихқа қатысты пікірі әлі де осындай таласты күйде. Сонда бұл біздің өз тарихымызды өзгеге жеткілікті насихаттай алмай жатқанымыздан ба?

– Ол да болар. Енді бір жағынан тәуелсіздіктен кейін тарих саламыз тоқырап қалғандай көрінеді. Бұрынғы Совет Одағының тарих ғылымы немесе соның түркітану ғылымы аясында қалай қойдык. Радловтар өз кезінде түркітанудың бір деңгейін қалыптастырды. Оның үстіне қазақ ғалымдарының еңбектері тек өз

тілімізде және орыс тілінде ғана шықты және ішкі пікірталастар ғана бар. Сыртқы елдердің ғалымдары қалай зерттеп, не айтып жатқанын талқылауға әлі жете қоймадық. Енді бір жағынан, бұндай тұстарын айта берсек те ғылыми ортаның өзі дұрыс мағынасында қабылдамай қалуы мүмкін. Десе де, тәуелсіздік алғалы тарих зерттеуде үлкен серпіліс болып жатыр.

– Нұрлан мырза, сіздің қазақ мемлекетінің тарихи шекарасына қатысты еңбегіңіз былтыр ағылшын тілінде жарық көрді. Бұл арқылы қандай маңызды тарихи фактілерді ағылшынтілді ғылыми кеңістікке жеткізе алдыңыз? Жалпы, шетелдік ғылыми орта қалай қабылдап жатыр?

– Иә, монографиям былтыр Германияда жарық көрді. Неміс ғалымдары өз пікірлерінде айтты, бұрын оларға бұл өңірдегі жағдай түсініксіз болған. «Анығында, басқаша болған екен ғой» деген пікірлер көп болды. Онда негізгі бір мәселе Қазақ хандығының шығыс шекарасы немесе қазіргі Қазақстан–Қытай шекарасының сонау Абылай хан тұсында қалыптасқанын көрсеттік. Абылай хан тұсында Қазақ хандығы Орта Азиядағы ең үлкен күш болған. Сол кезде болған көптеген соғыстар, Қабанбай батырдың, Бөгенбай батырдың, Райымбек батырдың соғыстары шын мәнісінде халықаралық соғыстар. Көбінше біз оны ел ішіндегі немесе ру арасындағы батырлар секілді көреміз. Шын мәнінде, олар өз кезеңіндегі халықаралық жағдайларға, мемлекеттердің шекарасына, былайша айтқанда, геосаяси жағдайға ықпал еткен тұлғалар болды. Біз тек соны өз деңгейінде зерттеп, зерделеп жүрген жоқпыз. Сол кездегі Манжур ордасының деректерінде бар, жоңғарлар Манжурияның батыс шекарасына қауіп төндіргені, кейін манжурлер Жоңғар хандығының шығыс бөлігін басып алғаны, ал Абылай бастаған қазақ батырлары батысында бұрын өздерінің қолдан кеткен терри-торияларын қайтарып алғаны. Кейін қазақтар үдере Шығысқа жорық жасайды.

Мына қытай тарихшылары жағынан қазірге дейін мойындалмай жүрген бір мәселе бар, жоңғарлар қазақ даласының қай жерлерін басып алды дегенді мойындамайды. Орталық Азияда 1635 жылы Жоңғар империясы құрылады, 1755 жылға дейін сол мемлекетін сақтап тұрды, ол мемлекетінің батыс шекарасы Шу, Меркі секілді қазақ жеріне дейін жетті. Кейін қазақ батырлары өз территорияларын қайтарып, Жоңғарды шығысқа қарай шегіндірді. Амурсана деген күрделі тұлға, Абылайдан көмек сұраған, Абылай ханның ойы оларды түбегейлі құртып жіберу емес, керісінше батысқа қарай жорық жасап келген манжурлердің ойында болды бұл. Абылай оларды батысқа қарай өткізбеген. Міне, осы тұста Қазақстанның қазіргі шығыс шекарасы Абылай заманында тұрақтанып болады. Шүршіттер бұл шекараның бойына сібе, дағұрларды, өздеріне бағынған жоңғарларды және торғауттарды орналастырған. Бұл сол кездегі мемлекеттік шекара болды. Соған да қарамастан қазақтар шекараның ары қарай өте бастады. Чиң үкіметі бұған қарсы шарт қойды, алым-салық төлейсің немесе біздің бодан боласың деген секілді. Бір ғасырға жуық бұл шекараға қармастан қазақтар ары өтіп тұрды. Ресей қазақ даласын басып алғаннан соң 1864 жылы Қытаймен қайтадан келісімшартқа отырып, сол кездегі қазақтың елбасыларының пікірімен шекараны тұрақтандырған. Соның өзінде де шекара сол Абылай хан кезіндегі белгіленген шекара бойынша қалыптасты. Кейінгі Еуропа жиһангерлері де келген, Левшиннің картасында да көрсетілген.

Қазір енді кейбір тарихшылары бұл территорияны орыстар шүршіттерден басып алған секілді көрсетеді. Мүлде олай емес, қазақтардың өз шекарасы. «Балқаштың оңтүстік шығысы біздікі» дейтін пікірі де осыдан шыққан. Бұл көзқарас 1890 жылдары Цинь империясы әлсіреген тұста ұлты қытай тарихшылары жағынан шыққан. Нақты шекара жағдайын көзімен көрмеген, үйінде отырып, сахараны, атты да көрмеген ғалымдар, ғалым да емес, әуесқой тарихшысымақтар сызған карталардан шыққан теріс пікір. Бұл теріс пікірлері қазіргі идеологиясына да әсер етіп бара жатыр, тіпті саяси үгіт деңгейіне көтеріліп кетті. Бұған тек нақты ғылыми деректерді көлденең қою арқылы ғана жауап береміз.

– Қазіргі кездегі отандық тарих ғылымына қандай жаға берер едіңіз? Әсіресе, жас тарихшыларға қандай кеңес берер едіңіз?

– Әрине, оянып келеді. Түрлі бағытта ізденіс бар. Бірақ жас тарихшыларда көне тілдерді меңгеру жағы жетіспей жатқандай. Көбі жаңа техниканы жақсы меңгерген, бірақ көне тарихи тілдерді білмегендіктен терең зерттеулерге бара алмай жатыр. Көне тілдерді меңгермесе дүние жүзі ғылымы мойындамайды. Әсіресе, Батыста көне тілдерді білмесе оны шын эксперт ретінде мойындамайды. Көне карталарды зерттеу үшін латын тілін білуің керек, көне карталар туралы сөздіктер шыққан, соларды пайдалана алуы керек. Одан бөлек, көне түрік тілі, көне қытайша, кемінде шағатай тілін білу керек. Шағатай тілі Алтын Орда және Қазақ хандығы кезіндегі бәріне ортақ жазба тіл. Бірақ Қазақ хандығы кезінде қазақтардың өз тіліне бейімдеген шағатай тілі болды. Мұны «Көне қазақ тілі» деп те атап жүр. Абылай ханның хаттары бәрі осы тілде жазылды. Міне, осы тілдерді меңгерсе, түпнұсқамен жұмыс істей алады, тарихты біреудің еңбегі арқылы зерттей алмайсың. Түпнұсқадан дерек алу маңызды.

Әңгімелескен Естай БОЖАН.



ҚАЗАҚЫ ПАЙЫМ

КӨКТЕМНІҢ ХАБАРШЫСЫ

құстар келе бастады. Қыс тоқсан бітуге таяу.
Бес күннен кейін «Көрісу амалы» басталады...

Өткен жолғы пайымымызда «... жаңа амал – Әз-наурыз кіреді. Ол келгенде күн жылынып, қар еріген үстіне ери түседі. Көп көже, тілеу көже, көк көже деген бұл амалдың жанама аттары бар. Осы мезгілде малшылар қатты аяздың өткенін сүйіншілеп бір қыстаудан екіншісіне қыдырып баратын болған. Әз сөзінің жақсы, игі деген мағынасы бар. Аяздың біткенін, жақсы күннің келгенін білдіру үшін әз атауын қойса керек...» деп жазғанбыз. Сол амал осы айдың 10-ынан кіреді. Айдың 15-іне дейін жалғасады.



Сәрсенбек
БЕКМҰРАТУЛЫ

Қазекен Наурыз мерекесін наурыз айының алғашқы күнінен бастап (ескіше 1 наурыз қазіргі 14-іне сәйкес), бір ай бойы мейрамдаған. Бабалардың айтуы бойынша, 8 күндік наурызнама (ескіше 1–8 наурыз, қазіргі күнтізбеде 14–21 наурыз аралығы) өтетін болған.

Қазақы есеп бойынша, жылдың басы – 14 наурыз. Осы күні «наурыздың ақшақары» жауады. Ертеде ол «Наурыз-айт» деп мерекеленсе, қазір «Амал» немесе «Көрісу» деп, жылдың басы ретінде қабылданып келеді. Бұл күні бұрынғылар (әсіресе, батыс аймақты мекендеген қазақтар) ерте тұрып, елең-алаңнан жасы үлкен адамдарға төс қағыстыра сәлем береді. Қыстан аман-есен шыққанына қуанып бір-бірімен табысып, қауышып дидағ ғанибет болған. Бір жас қосуымен құттықтаған.

Көрші-қолаң бір-біріне «Жасың құтты болсын!», «Жасына жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!» деп тілектер айтады. Қыстың ызғарлы үш айы бітіп, тоқсан шыққан күн де осы – наурыздың 14-і. «Көрісу» бұрындары еліміздің батыс өңірінде ғана аталып келсе, соңғы жылдары

еліміздің көпшілік аймақтарында қызу тойланатын дәстүрге айналды.

Қазақ – наурызды Орта Азияны мекендеген өзге туыс халықтарға қарағанда бірден-бір асыға күтетін, сағына аңсайтын, торыға тосатын халық. Наурыз көжені наурыздың 14-інен бастап әзірлей берген.

Аптаның бір ерекше қуанышы – елімізге, тек Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге қайғы-қасірет, орны толмас апатты жағдайларды ала келген көкше қоян жылымен қоштасатынымыз. Қоян жылының басында «Қоян секіріп келіп, секектеп кетеді» деп жазғанбыз. Қазекен қоян жылын жақсы атамаған. Қай кезде де сақтанып, абай болып жүрген. Тарихқа көз салсақ, қоян жылының талай зобалаңды алып келгеніне куә боламыз. Шағын қоян әлемді шайқап тұр...

Сонымен амандық болса, енді бес күннен кейін қазақтың жыл санауы бойынша Ұлу жылы кіреді, демек табиғат сахнасына шығады. Ұлу деген атауға байланысты ұзақ жылдан келе жатқан дау-дамайлар аз емес. Ол туралы пікірімізді келесі пайымның еншісіне қалдырдық...

Бүгін қолданыстағы күнтізбе бойынша, наурыздың – 8-і. Ай жүйесімен айдың 27-сі. Қазақша енді 3 күннен кейін жаңа ай

БАБАЛАР БОЛЖАМЫ

АҢ-ҚҰСТАРДЫҢ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ
ҚАРАП ЖАСАЛҒАН
ЖОРАМАЛ:

- * Су құстары мезгілінен бұрын келсе, көктем ерте шығады.
- * Керісінше, қарақұс, сауысқан секілділер ерте келсе, көктем кеігізін, мал шығыны көп болатын көрінеді.
- * 14-інен 15-іне қараған күні жсауған қарға шапқан қой құмалағы батып кетсе, көктем ерте шығады.
- * Батпаса, кеі шығады, бармақ басындай ғана батса, көктем 40 күн кеігізін келеді.
- * Күн қызырып шықса, шығыстан ақсары шапақ сәуле аспанға көтерілсе, таяу күндері күн суытады.
- * Көктем айларында күн қызырып батса, онда ертеңгі күн және бірнеше күнгі ауа райы жайлы болады.

басталады. Апта айдың басын да, ортасын да, сонын да қамтып тұр. Бұл көрініс 8–15 наурыз аралығында ауа райы құбылып, жауын-шашын болатынын аңғартса керек. Күннің жылуы да

ептеп азаяды. Бірақ ол ұзаққа созылмайтын секілді. Себебі, Жаңа жылдың, сағыныштың, бірліктің, ынтымақтың символы атанған «Көрісу» мерекесі осы аптаның еншісінде.

БАСПАСӨЗ

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне 2024 жылға жазылу жүріп жатыр!

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» өкілдіктерінде жазылуға болады. Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2024 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 1 айға – 536,12 теңге, 3 айға – 1608,36 теңге, 6 айға – 3216,72 теңге, 10 айға – 5361,2 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 1 айға – 736,12 теңге, 3 айға – 2208,36 теңге, 6 айға – 4416,72 теңге, 10 айға – 7361,2 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)
1 айға – 336,12 теңге, 3 айға – 1008,36 теңге, 6 айға – 2016,72 теңге, 10 айға – 3361,2 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 293-08-12, 293-08-25, 293-08-03.

Құрметті оқырмандар!

«Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылуды енді **Post.kz сайты** арқылы немесе мобильді қосымшаны пайдалана отырып, онлайн режимде ресімдеуге болатынын қуана хабарлаймыз. Жылдам іздеу функциясы арқылы «Алматы ақшамы» газетін тауып, оған жазылуды бір сәтте ресімдеуге болады. Газетке жазылу үшін оның қажетті санын, жазылу мерзімін көрсетіп, кез келген банктің картасымен төлем жасау қажет.

Жазылу индекстері мен жазылу құны «Алматы ақшамы» газетінің баспа нұсқасына жазылумен тең. Газет **Post.kz**-пен ресімдеу кезінде көрсетілген мекенжай бойынша жеткізіледі. Қызмет 24/7 қолжетімді.



Бас директор –
Ержан ҚАЛЫМБАЙҰЛЫ
Қабылдау бөлмесі:
тел: 293-08-03.

Бас директордың орынбасары –
Абдухалил ЖАЛИЛОВ
тел: 293-08-03 (ішкі 102).

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА
тел.: 293-04-28.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел: 293-52-24.

Бас редактордың орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК
тел: 293-52-36.

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ
тел: 293-52-43.

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
Құралы ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел: 293-52-36.

Коммерция бөлімінің жетекшісі –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ
тел: 293-08-12. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com

Жарнама және тарату бөлімі. E-mail: rekalatauaqparat@gmail.com
тел: 293-08-25

Шығармашылық даму жөніндегі кеңес

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ.

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: **+7 707 862 30 08 телефондары арқылы сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін хабарласыңыз**



Республикаға тарайтын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Alatau Aqparat» ЖШС.
E-mail: alatauaqparat@gmail.com
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.
Апталық таралымы – 18 412

Кезекші редактор –
Гүлжанат СЕМБАЕВА

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

«Almaty aqshamy» газеті «AIR ASTANA» әуе компаниясының бизнес-класс борттында және «Жолаушылар тасымалы» АҚ пойыздарындағы жолаушыларға қолжетімді.



ОРАЗА КЕСТЕСІ



muftiyat.kz

Рамазан
Ораза кестесі
2024

Ғижри 1445 жыл

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	04:53	06:08	12:05	16:09	17:57	19:12
2	Сейсенбі	12 Наурыз	04:51	06:06	12:05	16:10	17:58	19:13
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	04:50	06:05	12:05	16:11	17:59	19:14
4	Бейсенбі	14 Наурыз	04:48	06:03	12:04	16:12	18:01	19:16
5	Жұма	15 Наурыз	04:46	06:01	12:04	16:13	18:02	19:17
6	Сенбі	16 Наурыз	04:44	05:59	12:04	16:14	18:03	19:18
7	Жексенбі	17 Наурыз	04:42	05:58	12:03	16:15	18:04	19:20
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	04:40	05:56	12:03	16:16	18:05	19:21
9	Сейсенбі	19 Наурыз	04:39	05:54	12:03	16:17	18:07	19:22
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	04:37	05:52	12:03	16:18	18:08	19:23
11	Бейсенбі	21 Наурыз	04:35	05:50	12:02	16:19	18:09	19:25
12	Жұма	22 Наурыз	04:33	05:49	12:02	16:20	18:10	19:26
13	Сенбі	23 Наурыз	04:31	05:47	12:02	16:21	18:11	19:27
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:29	05:45	12:01	16:21	18:12	19:29
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:27	05:43	12:01	16:22	18:14	19:30
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:25	05:42	12:01	16:23	18:15	19:31
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:23	05:40	12:01	16:24	18:16	19:33
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:21	05:38	12:00	16:25	18:17	19:34
19	Жұма	29 Наурыз	04:19	05:36	12:00	16:26	18:18	19:35
20	Сенбі	30 Наурыз	04:17	05:34	12:00	16:27	18:20	19:37
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:15	05:33	11:59	16:27	18:21	19:38
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:13	05:31	11:59	16:28	18:22	19:39
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:12	05:29	11:59	16:29	18:23	19:41
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	04:10	05:27	11:58	16:30	18:24	19:42
25	Бейсенбі	4 Сәуір	04:08	05:26	11:58	16:31	18:25	19:44
26	Жұма	5 Сәуір	04:06	05:24	11:58	16:32	18:27	19:45
27	Сенбі	6 Сәуір	04:04	05:22	11:58	16:32	18:28	19:46
28	Жексенбі	7 Сәуір	04:02	05:20	11:57	16:33	18:29	19:48
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	04:00	05:19	11:57	16:34	18:30	19:49
30	Сейсенбі	9 Сәуір	03:58	05:17	11:57	16:35	18:31	19:51

ЕСКЕРТПЕ:

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Рамазан кестесін
MUFTIYAT.KZ сайты мен
MUFTIYAT APP қосымшасынан
жүктеп алыңызCall орталық 24/7
+7(707)233 30 30